

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№116 (9434) | 1954 жылғы 11 июнь Жұма

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

МТС—колхоз өндірісін өркендетуде шешуші күш

МТС — колхоз өндірісін өркендетуде шешуші күш. Ол социалистік мемлекетіміздің колхоздарға басшылық етуіндегі аса маңызды және тіректі пункті болып табылады.

Партия мен үкметіміз колхоздарда егін және мал шаруашылығын шұғыл өркендету міндетін қойып отырған кезде, МТС бұл міндеттердің мінсіз жүзеге асырылуына келеді үлес қосуға тиіс. Демек, МТС колхоздардағы барлық ауылшаруашылық жұмыстарының кезінде және жоғары дәрежеде орындалуына үздіксіз көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Соңғы жылдары еліміздің ауыл шаруашылығын механикаландыруда едәуір табыстарға қол жетті. Бұл салада МТС-тер орасан зор роль атқарып отыр. Олар жыл сайын осы күнгі жаңа техникамен толықтырылуда. Мұның өзі колхозшылардың еңбегін жеңілдетуге, еңбектің өнімділігін арттыруға мүмкіншілік жасап келеді.

Кәзір МТС-тердің алдында өте жауапты және құрметті міндеттер тұр. Ол — ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март Пленумдарының қаулыларын мінсіз жүзеге асыру. Колхоздарда егін және мал шаруашылығын мықтал өркендетіп, оның өнімділігін еселеп арттыруға жетісу. Сөйтіп, елімізде азық-түлік молшылығын жасау, жеңіл өнеркәсібіміздің индустрияға деген қажетін барынша толық өтеу.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру жолында айтарлықтай жұмыс істеп келе жатқан МТС-тер аз емес. Олардың қатарына облысымыздағы Совет (директоры Лымарь жолдас), Шағлы (директоры Филиппов жолдас), Суворов атындағы (директоры Верткин жолдас) МТС-терін қосуға болады. Бұл МТС-тердің қамтуындағы колхоздардың көпшілігі егін және мал шаруашылығында жаңа табыстарға ие болып келеді. Бұған бірнеше мысалдар келтірейік.

Астық өндірісін өркендетудің қайнар бұлағы — тың және тыңайған жерлерді игеруде Совет МТС-нің коллективі бйыла есеулі жұмыстар іселеді. МТС-тің қамтуындағы колхоздарда осы көктемнің өзінде 4 мың гектардан астам тың және тыңайған жер жыртылып, оған тұқым себілді. Барлық колхоздарда да тың жерді жұмыстау агротехникалық ережелерге

дан облыста алдыңғы қатарда келеді. МТС механизаторларының алға қойған мақсаты — колхоздардың келесі жылғы егісін дайын жермен, оны пар мен зябь есебінен қамтамасыз ету. Олар осы мақсаттарына жету үшін өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Әрине, мұның барлығы МТС-тердің колхоз өндірісін өркендету күресінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындау жолында қабырлықпен еңбек етіп келе жатқандықтарынан көрсетеді.

Бірақ, көптеген МТС-тер техника қуаты жеткілікті бола тұрса да, колхоздарға тиісті көмек көрсете алмай келеді. Олар колхоздармен жасасқан шарттарында белгіленген жұмыстарды мерзімінде орындай алмай жүр. Шартта белгіленген жұмыстардың кезінде орындалмауы колхоздарда егін және мал шаруашылығының өркендеуіне керісінше әсерін тигізуде. Атап айтқанда, колхоздарда егін жұмыстарының ұзаққа созылуына, пар жыртыудың кешіюіне, шөп шабуға әзірліктің тез аяқталмауына жол беріліп келеді.

Приемші МТС-де техника қуаты жеткілікті. Алайда, МТС басшыларының, әсіресе, МТС директоры Нечипоренко жолдасын техника қуатын тиімді пайдалануға жете назар аудармауынан, бұл іске механизаторларды жұмылдыра білмеуінен МТС қамтуындағы егін жұмыстары ұзаққа созылды. Пар жыртыудың қарқыны өте мөте баяу. Ал, шөп шабуға әзірлік тіпті нашар. Рас, бұл МТС-те шөп шабатын машиналарды жөндеу жұмысы апрель айында бастады. Бірақ, содан бері небары өздігінен жүретін екі кеңалымды шөп машинасы жөндеуден өткізілді. Осындай 15 кеңалымды шөп машиналары жөндеуден өткізілместен тұр.

Бұл МТС-те механизатор кадрларын даярлау, кеңалымды шөп машиналарын жүргізетін машинашыларды даярлау жұмысы ұмыт қалған деуге болады. Бұған шөп машинашылары жеткіліксіз бола тұрса да, МТС басшыларының оларды даярлауға ешқандай шара белгілемей келе жатқандығы дәлел.

Майбальк, Коновалов, Вильяме атындағы, Куйбышев атындағы МТС-терде де техника қуаты колхоз өндірісіне өнімді пайдаланымай келеді. Сол себепті бұл МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда шаруашылық жұмыстар кезінде орындалмай жүр. Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру қанағаттан

кірісуге, сондай -ақ шөп шабуға әзірлікті толық бітіріп, аз күндерде шөп шабуға жаппай кірісуге тиіс. Сөйтіп, егінді ыраппақ ұшыратпай қысқа мерзімде жыйнап алуға, қоғамдық малға жемшөпті барынша мол әзірлеуге міндетті. Астық қырдандарын, мал қораларын механикаландыру, астықты тазарту, мал азығын сүрлеу және басқа да еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру арқылы колхозшылардың еңбегін жеңілдетуге, еңбектің өнімділігін еселеп арттыруға жетісуге тиіс.

Ауыл шаруашылығын жаңа талаптар дәрежесіне сай өркендету жолындағы бұл зор міндеттер өздігінен орындалмайды. Бұл міндеттердің ойдағыдай орындалуы үшін МТС директорлары, инженерлері, механиктері, агрономдары, зоотехниктері, басқа да басшылары мен мамандары өздерінің жауапкершілігін сезініп, колхоздарға нақтылы көмек көрсетулері керек. МТС-терде жыйнақталған қуатты, жаңа техникаларды шаруашылық жұмыстарға тиімді пайдалануға жете назар аударып, оған барлық механизаторларды, жұмысшыларды жұмылдыра білу қажет.

МТС-терде озат механизаторлар аз емес. Олар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді, социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін мінсіз жүзеге асыруда басқаларға үлгі көрсетіп жүр. МТС партия ұйымдары, ондағы коммунистер, үгітшілер, насихатшылар ол озаттардың инициативасын үнемі қолдаумен қатар, озаттардың жұмыс тәжірибелерін МТС-тердің коллективтері арасында кеңінен насихаттап, көпшіліктің игілігіне айналдырулары керек. Сөйтіп, МТС-те, барлық трактор бригадаларында еңбектің жаппай өрлеуін туғызу қажет.

МТС қызметкерлері колхоздардың шаруашылықтарына ғылымның табыстарын, ауыл шаруашылығындағы озаттардың бай тәжірибелерін батыл енгізу арқылы егін және мал шаруашылығында колхоздардың жаңа табыстарға ие болуына жетісуге тиіс. Демек, МТС қызметкерлері ауыл шаруашылығын оған сайын өркендетудің партия қабылдаған программасын жүзеге асыру жолындағы күрестің алдыңғы шебінде болуы керек.

Бұл күндері МТС-тердің алдында орасан зор міндеттер тұр дедік. Ол міндеттерді мінсіз жүзеге асыру күресін ұйымдастыруда аудандық партия комитеттерінің МТС айымы жөніндегі секретарьлары

Заемға ұйымшылдықпен жазылу — коммунизм құрылысына қосқан жаңа үлес

★ КОЛХОЗШЫЛАР ЖАҢА ЗАЕМҒА ТЕГІС ЖАЗЫЛУДА

Совет ауданының колхозшылары Мемлекеттік жаңа заемға асқан ұйымшылдықпен жазылууда.

«Көктерек» колхозында болған митингте бірінші болып сөз сөйлеген озат сауыншы Қаныш Сәменова партия мен үкметтің әкелік қамқорлығына алғыс айта келіп, қарамағындағы сауын сыйырлардан алатын өнімді арттыра түсуге міндеттенді. Сәменова өткен жылы өзіне бекітіліп берілген 14 сыйырдың әрқайсысынан 1900 литрден сүт сауған еді. Үстіміздегі жылы 4 айдың ішінде әр сыйырдан 1100 литрден сүт алды.

—Біздің колхоздың дәулеті жылдан-жылға артып отыр. Колхозшылардың мәдениеті мен тұрмысы да жақсара түсті,— деді «Победа» колхозында болған митингте есеші В. Лысенко жолдас.—Бұл ең алдымен партия мен үкметтің колхоз құрылысына деген қамқорлығының айқын сыпаттамасы. Ол 800 сомның заемына жазылып, ақшасын қолма-қол төледі.

Осы колхоздың үстіміздегі жылы 18 биеден 18 құлын алған жылқышысы Ақан Едәулетов Отанға, партияға ризалығын білдіре келіп, 160 сомның заемына жазылды.

Осы сияқты заемға арналған митинг «Путь коммунизма» колхозында да патриоттық зор өрлеумен өтті. Колхозшы А. Великий былай деді:

— Мемлекеттік жаңа заем колхозымыздың байлық түсуіне үлкен көмек. Колхозды деревняға келіп жатқан ауылшаруашылық машиналары, құрылыс материалдары жұмысшы табының көмегі. Отанымыздың оған әрі гүлденуі үшін, елімізде коммунизмнің салтанат етуі үшін жаңа заемға тегіс жазылайық!

Колхозшылар Мемлекеттік жаңа заемға бірауыздан ұйымшылдықпен жазылды.

С. ТЕМІРБАЕВ, «Социалистік еңбек» газетінің редакторы.

Бақытты, қуанышты тұрмысымыз үшін

Біздің елімізде тұрмыс күннен-күнге қызықты, қуанышты бола түсуде. Мен сол бақытты тұрмыста өмір сүріп отырған совет әйелдерінің қатардағы жұмыс-

★ Шын жүрекпен

ССРО-ның халық шаруашылығын өркендетудің жаңа Мемлекеттік заемын шығару жөніндегі үкмет қаулысы фабрикада зор еңбек өрлеуін туғызды. Барлық совет адамдары сияқты біздің фабрика коллективі де бұл қуанышты хабарды асқан зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алып, оған жауап ретінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Кәзір коллектив сол алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

Совет заемы — бейбітшілік заемы. Ол еліміздің экономикасын оған сайын нығайтып, совет адамдарының тұрмыс жағдайын барынша жақсартуға көмектеседі. Совет адамдары өздерінің қажырлы еңбегімен бақытты тұрмыс құрып, еліміздің байлығын молайтты түсуде.

Коммунистік партияның басшылығымен жеңіл өнеркәсібіміз өркендеп, ол дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы өнеркәсіпке айналды. Еңбекті көп керек ететін жұмыстардың бәрі де механикаландырылды. Тек соңғы жылдардың өзінде ғана біздің фабрикада еңбекті көп керек ететін жұмыстардың бәрі де механикаландырылып, тігіншілердің жұмысы жеңілдеді. Мұнымен бірге олардың еңбекақысы

да өсті. Жыл сайын фабрика тігіншілері еліміздің санаторийлері мен курорттарында және демалыс үйлерінде дем алып, жаңа күш, жаңа қарқынмен еңбекке кіріседі.

Мен Михайленко жолдас басқаратын мінсіз сапалы өнім шығаратын бригадада жұмыс істеймін. Бригада айлық тапсырмаларын үнемі асыра орындап келеді. Бізде сменалық тапсырмасын орындамайтын бірде бір тігінші жоқ. Мен үкмет қаулысына жауап ретінде сменалық нормамды үнемі 150—170 процент орындауға міндеттендім. Сол сияқты біздің бригаданың мүшелері де өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды.

Біз жаңа заемға ұйымшылдықпен жазылу арқылы Отанымыздың күш-қуатын нығайтып, халық шаруашылығын өркендей беруіне көмектесеміз. Туған еліміздің көркеюі жолында қажырлықпен еңбек етіп, жаңа табыстарымызбен коммунистік қоғам орнату ісіне өз үлесімізді қосамыз.

С. ТЫНЧАРОВА,

Қаладағы «Комсомолка» фабрикасының тігіншісі.

Зор өрлеу үстінде

9 июнь, кешкі сағат 7. Париж Коммунасы атындағы Петропавл аяқ киім фабрикасының алаңына орнатылған үлкен репродуктордан Кремль курантының музыкалы әсем үні алысқа тарап жатты. Жұмыс күні аяқталып, фабрика цехтарынан шыға бастаған жұмысшыларды осы үн өзіне шақырғандай, іледе-ақ алаң жұмысшыларға лық толды. Олар қуанышқа белленген жайдары жүзбен радьодан СССР-ны өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын шығару туралы үкмет хабарын тыңдады.

Хабарды тыңдап болғаннан кейін жұмысшылар фабриканың қызыл мүйісіне кірді. Мұнда аса зор саяси өрлеу жағдайында митинг өткізілді.

—Жаңа ғана радио арқылы берілген СССР-ны өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын шығару туралы үкмет хабары,— деді митингте бірінші болып сөз алған жұмысшы А. Глыбочка жолдас.—Біздің совет халқының үнемі өсіп отыратын ма-

тан да жаңа заемды таратуға қатысу—өзіміздің мәдени тұрмысымыздың бұдан былай да жақсара беруін қамтамасыз ету болып табылады. Мен жаңа заемға өзімің екі апталық еңбекақымыңның көлемінде жазыламын.

Совет заемы совет адамдарының көкейтесті мүдделеріне толық сай келеді,— деді бұдан кейін сөз алған Н. Гарбатовека жолдас.—Сондықтан біз жыл сайын Мемлекеттік заемға зор саяси белсенділік үстінде жазылып, өзіміздің Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтасқандығымызды көрсетіп келеміз. Міне, бүгінгі жаңа заем шығару туралы жарияланып отырған үкмет хабары біздің жүрегіміздегі социалистік Отанымызға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімімізді арттыра түсті. Мен сменалық тапсырмаларды үнемі асыра орындап келемін. Өткен айдың айлық жоспарын 210 процент орындадым. Бұл өріне, зор табыс. Алайда, бұл табыс мені қанағаттандыра алмайты

низм», «Совет», Молотов атындағы колхоздарда егіс жұмыстары кысқа мерзімде аяқталды. Кәзір бұл колхоздардың егіні, әсіресе, тың және тыңайған жерлерге себілген егіні бірқалып өсіп, жақсы өсіп келеді.

Суворов атындағы МТС-те де егіс жұмыстары ойдағыдай өткізілді. Бұл МТС егіс жұмысы аяқталысымен паржыртуға барлық жағынан ұйымдасқан түрде кірісті. Кәзір МТС паржырту-

«Теміздегі жұмыстарды жетілдіруге дағдарға нақтылы көмек көрсетеміз» деп талай рет аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдеріне сенім білдірді. Бірақ, олардың сенімдері әзірге өз жүзінде қалып келеді.

Жазғы маусым — МТС жұмыстарының ең жауапты кезеңі. МТС-тер егіс жыйнауға барлық жағынан мұқият әзірленуге, паржыртуды тез, жоғары сапада аяқтан, зыб жыртуға ұйымдасқан түрде

ұйымдары зор роль атқаруға тиіс. Елбегке жаңа табыстарға жету жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыру, ондағы қабылданған міндеттемелердің орындалуына жетісу бұл ұйымдардың борышы. Бұл ұйымдар колхоз өндірісінде МТС-тердің ролін онан сайын арттыра беру үшін МТС-терде, сондай-ақ колхоздарда үгіт-бұқаралық жұмыстарын күшейте берулері керек.

күткеніміз де, өсітініміз де қуаныш.

Міне, алдыңғы күні мен кезекті демалысқа шығып, өз үйімде, радиоқабылдағыш жанында тынығып отыр едім. Диктор Москвадан Мемлекеттік жаңа заемның шығарылуы туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысын хабарлады. Бұл біз үшін жаңа бір зор қуаныш. Өйткені, советтік заемның шын мәніндегі халықтық заем екенін және ол еңбекшілердің мүддесіне, сүйікті Отанымыздың күш-қуатын арттыра беру мүддесіне қызмет ететінін біз жақсы білеміз. Бұл заем да бұрынғы заемдар сияқты, социалистік экономиканың барлық салаларын өркендетуге, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенттердің әл-ауқатын арттыруға көмектесетін болады.

Кезекті демалыста жүрсем де мұндай қуанышты минутта үйде отырды ерсі көрдім. Дереу өзім жұмыс істейтін ауруханаға бардым да екі апталық еңбекақы мөлшерінде Мемлекеттік жаңа заемға өз еркіммен жазылдым. Бұл—менің, бақытты, қуанышты тұрмысымыз үшін қосқан үлесім.

Х. АРЗАМОВА,

Қалалық біріккен аурухананың санитаркасы.

болып табылады. Өйткені, Мемлекеттік заем ССРО-ның Мемлекеттік бюджет кірістерінің қосымша бір тарауы. Ал, біздің елімізде Мемлекеттік бюджет—халықтың материалдық әл-ауқатын жақсартуға, социалистік өндірісті күшті қарқынмен өркендетуге жұмсалатыны мәлім. Сондық-

товарларының молшылығын жасауға зор үлес қосамыз. Бұл сезім мені еңбек өнімділігін арттыра беруге жігерлендіреді.

Фабрика жұмысшылары жаңа заемға жазылу ісін асқан ұйымшылдықпен өткізіп, зор белсенділік көрсетті.

ӨЗ ИГІЛІГІМІЗ

ЯВЛЕНБА. Ленин ауданындағы «Еңбек» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын шығару туралы үкімет қаулысын радио арқылы тыңдады. Бұдан кейін көптеген колхозшылар қатысқан митинг болып өтті. Онда бірінші болып сөз алған қарт колхозшы М. Қыдыралин жолдас былай деді:

—Менің жасым 70-ке келді. Совет өкіметі орнағанға дейін бір ескі қазақ ауылында ешқандай мектеп, дәрігерлік пункт көргеніміз жоқ. Кәзір колхозды ауылда онжылдық мектеп бар. Онда колхозшылардың балалары оқып, білім алады. Бұрын дәрігерді көзіміз көрмесе, кәзір үйде отырып дәрігерлік көмек алып

отырмыз. Мұның бәрі Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің колхозшыларға деген туысқандық қамқорлығының айтағы болып табылады. Советтік жаңа заем колхозшылардың тұрмыс дәрежесін онан әрі жақсартуға түседі. Бұл өз игілігіміз. Мен үкімет қаулысын шын жүректен қуаттаймын. Оған жауап ретінде 500 сомға жаңа заемға жазыламын.

Бұдан кейін жылқышы Бопашев, сауыншы Мусина жолдасар патриоттық сөз сөйлеп, Коммунистік партияға деген өздерінің сүйіспеншілігін білдірді. Аз уақыттың ішінде 55 колхозшы жаңа заемға жазылып, 13750 сом қолма-қол ақша берді. Ауданның басқа колхоздары мен совхоздарында және МТС-терінде де жаңа заемға жазылу ұйымшылдықпен өтуде.

КБОС ПРЕЗИДИУМЫНДА

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемына (1954 жылы шығарылған) жазылуды өткізуге кәсіподақ ұйымдарының қатысуы туралы

Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы ССРО халық шаруашылығын өркендетудің аса зор жоспарын жүзеге асыру үшін жанамай еңбек етуде.

Еңбек өнімділігін үнемі арттыру негізінде 1953 жылдың жоспары ойдағыдай орындалды. Өнеркәсіп өнімінің көлемі соғысқа дейінгі дәрежеден екіжарым еседен де асып түсті.

Ауыр индустрияны өркендетуде қол жеткен табыстарға сүйене отырып, партия мен үкімет халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өрге бастыруды, социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуді, елімізде тамақ өнімдері мен өнеркәсіпке керекті шикізат молшылығын жасауды қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар аса маңызды шараларды жүзеге асыруды. Миллиондаған еңбекшілер бұқараның әл-ауқаты мен мәдениеті үнемі артып келеді.

Совет мемлекетінің бейбітшіл саясатын бейнелейтін және партия мен үкімет алға қойған аса маңызды міндетті таяудағы екі-үш жылдың ішінде халық тұтынатын товарлар мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін мықтап арттыру міндетін орындауға бағытталған ССРО-ның 1954 жылғы мемлекеттік бюджеті

туралы заңды еліміздің еңбекшілері патриоттық мақтанш сезімімен қарсы алды.

Совет адамдарының игілігі мен бақытына, Отанымыздың экономикалық қуатын нығайтуға тынбастан қамқорлық жасай отырып, Совет Үкіметі, ССРО халық шаруашылығын өркендетудің жаңа мемлекеттік заемын (1954 жылы шығарылған) шығару туралы қаулы алды. Бұл заем, бұрынғы заемдар сияқты, социалистік экономиканың барлық салаларын онан әрі өркендетуге, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның әл-ауқатын арттыруға, олардың өсіп отырған материалдық және мәдени тілектерін барынша толық қанағаттандыруға көмектесетін болады.

Кәсіпшілер одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумы ССРО халық шаруашылығын өркендетудің жаңа мемлекеттік заемын (1954 жылы шығарылған) шығару туралы үкімет қаулысын қызу қолдап, мақұлдайды және кәсіп одақтардың барлық мүшелерін, өнеркәсіптің, транспорттың, ауыл шаруашылығының және құрылыстың барлық жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерін, инженерлерді, техниктер мен қызметшілерді, ғылым, әдебиет және искусство қызметкер-

лерін, барлық еңбекшілерді екі апталық және жартыайлық жалақы мөлшерінде жаңа заемға бірауыздан жазылуға шақырады.

Кәсіпшілер одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумы ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемына (1954 жылы шығарылған) жазылу жұмысын өткізуге белсене қатысуды, жұмысшылардың, қызметшілердің, интеллигенцияның арасында, барлық еңбекшілердің арасында жаңа заемның маңызы мен жазылу шарттары туралы бұқаралық-түсінік жұмысын кеңінен өрістетуді, сонымен бірге оларды еңбек өнімділігін жаңадан арттыруға, өндірістік жоспарларды орындауға және асыра орындауға, социалистік құрылыста жаңа табыстарға жетуге жұмылдыруды тапсырады.

КБОС Президиумы кәсіподақтардың барлық мүшелері, барлық еңбекшілер өздерінің патриоттық борышын аброймен орындайды. —Мемлекеттік жаңа заемға бір адамдай болып жазылады, сөйтіп біздің социалистік Отанымызды онан әрі нығайта беру ісіне өз үлесін қосады деп берік сенеді.

А. Д. Гарагаш жолдасты Қазақ ССР Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп Министрі етіп тағайындау туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Александр Дементьевич Гарагаш жолдас Қазақ ССР ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

Н. ОҢДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы,

9 июнь 1954 жыл.

ЖАҢА СЕЛОЛЫҚ МАГАЗИНДЕР

Алматы облысында селолық магазиндер мен көпшілікті тамақтандыру кәсіпорындарының сәті едәуір кеңейтілуде. Александровка, Еңбекші қазақ ауданда-

рының селоларында жаңа магазиндердің құрылысы аяқталды. Облыстық тұтынушылар одағы Жамбыл, Іле, Ұйғыр аудандарында магазиндер салды.

ПАРОВОЗ БРИГАДАСЫ—ШАРУАШЫЛЫҚ ЕСЕПТЕ

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбе депосының аға машинисі Митрофановтың паровоз бригадасы Оренбург темір жолында жүк тасудың өзіндік құнын кемітудің бастаушысы есебінде белгілі. Ол депода бірінші болып шаруашылық есепке көшті. Өткен жылы бригада ондаған мың сом мемлекет қаржысын үнемдеді.

Кәзір бригада тамаша еңбек етуде. Май айында жүк тасу жөніндегі тапсырма жүрісті 48 процент арттыру, паровоздың детальдарының жұмыс істеу мерзімін ұзарту, машинаны жақсы күту, отынды үнемдеу есебінен асыра орындалды. Үстіміздегі жылы бригада 15 мың сомға жуық қаржы үнемдеді. (ҚазТАГ).



ЗАЕМҒА ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ЖАЗЫЛАЙЫҚ!

Суретші Б. Мухиннің плакаты.

(СОТА-ның фотохроникасы).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Ауыл-селодағы саяси үгіт әсерлі болсын

Совет Одағының Коммунистік партиясы еңбекшілер бұқарасына саяси ықпал жасаудың құралдары мен әдістеріне бай. Оның насихат және үгіт сыяқты құралдары көп жылдық тәжірибеде сыналып, өзін ақтады. Бұл құралдардың сарқылама күші — еңбекшілер бұқарасына Маркстің —Энгельстің —Лениннің—Сталиннің мәңгі жасайтын идеяларын насихаттауда.

Сондықтан үгітшілердің міндеті маркстік-лениндік ілімге сүйене отырып, саяси жұмыстың алуан түрлері мен әдістерін пайдалану арқылы еңбекшілердің қалың бұқарасына шындық сөзді жеткізу болып табылады. Еңбекшілерді коммунистік құрылыстың міндеттерін жүзеге асыру жүйесіне белсене жұмылдырудың күшті бір құралы — саяси үгіт. Сондықтан колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлеріне ССРО-ның ішкі және халықаралық жағдайын, Коммунистік партияның игі мақсатын, оның жоғарғы заңы — совет адамдарының материалдық және рухани өскелең қажетін барынша қанағаттандыру екенін үнемі терең түсіндіру қажет.

Қазіргі кезде саяси үгіттің мазмұны СОБП Орталық Комитеті сентабрь және февраль-март пленумдарының қаулыларын, партия мен үкметтің советтік саяданы жақсарту, халық тұтынатын товарлардың өндірісін ұлғайту жөніндегі қарарларын насихаттау болып табылады. Бұл тарихи документтерді түсіндіргенде жұмысшылар мен колхозшылардың, интеллигенцияның назарын өндіріс резервтерін толық пайдалану, еңбек өнімділігін үнемі арттыру мақсатына аудару қажет. Әрбір совет адамының елдің алдында тұрған міндетті түсініп қана қоюы жеткіліксіз, ол ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкмет белгілеп берген программаны жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуге тиіс. Міне, сонда ғана саяси үгіт өзінің мақсатына жете алады.

Саяси үгіттің әсерлі болуы үшін еліміздің алдында тұрған жалпы міндетті ауданың, колхоздың, совхоздың, МТС-тің, бригаданың, ферманың өмірімен, жеке адамдардың жұмысымен тығыз байланыстыру қажет. Мұнда, әсіресе, өмірде туып отырған жаңалықтарға, еңбектің прогрессивтік әдістеріне ерекше назар аудару керек. Сөйтіп, ол жаңалықтар мен прогрессивтік әдістердің сөніп қалуына жол бермей, олардың онан әрі кеңінен өрістеуіне жетісу керек.

Бұл жөнінде Суворов МТС-інде социалистік жарыс озаттарының жұмыс тәжірибелерінің насихатталуын мысалға алуға болады. Станцияда социалистік жарыстың қорытындысы әрбір он күн сайын шығарылып, озат бригадаларға Ауыспалы Қызыл Ту тапсырылады. Ту үшін күрес артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосылуға ынталандырып отыр. Май айының бірінші онкүндігінің қорытындысы бойынша Ауыспалы Қызыл Туды № 19 трактор бригадасы (бригадирі Вернер

жолдас) алған-ды. Бұл бригаданың кейбір мүшелері алғашқы табыстарына төкпейісіп, жұмыстың қарқынын екінші онкүндікте баулатып алды. Сондықтан Туды № 5 трактор бригадасы (бригадирі Перерва жолдас) жеңіп алды. № 19 трактор бригадасының мүшелері Тудан айрылып қалғанына қатты қынжылды. Бригадада жыйналыс өткізілі. Онда жұмыстағы кемшіліктер қатаң сынға алынды. Үшінші онкүндікте бригада мүшелері қажырлы еңбек етіп, Ауыспалы Қызыл Туды қайта алды. Бұл бригада 25 майда көктемгі егіс кезіндегі жұмыс жоспарын 108-процент орындады. Бұл факті-озаттардың жұмыс тәжірибелерін насихаттау және кемшіліктерді жезінде ашып, оны жою білу табыс кілті екенін көрсетеді.

Қазір саяси үгіттің бүкіл әсері колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерін пар жұрту жоспарын қысқа мерзімде аяқтау, мал азығының берік бағасын жасау мақсатына жұмылдыру мәселелеріне арналуға тиіс. Сонымен қатар, өгінді баптап күту, өгін жыйнауға әзірлік жұмыстары да саяси үгіттің әсерлі болуын талап етеді.

Бұл міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуы үшін еңбекке жарамды адамдардың ауыл шаруашылығы өндірісіне жаппай қатысуын, олардың еселенген жігермен еңбек етуін қамтамасыз ету қажет. Барлық мүмкіндіктер мен резервтерді пайдалана білу қажет. Мұның өзі үгітшілерді жұмыста инициатива көрсетуге, топтық және жеке әңгімелерді әсерлі ұйымдастыруға міндеттейді.

Біздің облысымызда саяси үгітті әсерлі ұйымдастырып жүрген үгітшілер көптеп саналады. Мұндай үгітшілердің қатарына Киров атындағы колхоздың (Полудень ауданы) үгітшісі Романенко жолдасы қосыла болады.

Романенко жолдас трактор бригадасында үгітші болып істейді. Ол өзінің жұмысын вагоншада тракторшыларға тұрмыстық және мәдени жағдай жасау үшін қажетті шараларды жүзеге асырудан бастайды. Ол вагоншада радиоқабылдағыш, арнаулы кітапхана, тракторшыларды өнімді еңбекке шақыратын көрнекі үгіт болуына көмектесті. Әрқашан мазмұнды әңгімелер өткізумен бірге, үгітші бригаданың өндірістік жұмысына ерекше назар аударып, кемшіліктердің себебін аңдайды.

Мәселен, үгітші көктемгі егістің алғашқы күндерінде бірінші жыл жұмыс істейтін жас тракторшыларға назар аударды. Өйткені, олардың кейбіреуі трактор бөлшектерінің жиі сынуына жол берді. Сондықтан Романенко жолдас жас тракторшылар арасында тәжірибелі тракторшының әңгіме өткізуін ұйымдастырды. Мұнан кейін ол өзі тракторларды өнімді пайдаланудың маңызы жөнінде бірнеше рет әңгіме өткізді. Көп ұзамай-ақ, жас тракторшылар техниканы тиімді пайдаланатын болды. Бұрын тракторды өнімді пайдаланбай жүрген жас тракторшы Харченко жолдас қазір бригадада ал-

дыңғы қатарлылардың бірінен саналады.

Мұнан кейін Романенко жолдас кейбір механизаторлардың тракторларға кезінде техникалық күтім жасамайтынын анықтады. Сөйтіп, үгітші трактор бригадасының бригадирімен және участоттік механикпен бірлесе отырып, трактор паркiне техникалық күтімнің кезінде жасалуына жетісті.

Осы сыяқты, Ново-Георгиев МТС-нің № 1 трактор бригадасында үгітші болып істейтін Зайкина жолдасының да жұмысы назар аударарлықтай. Ол тракторшылармен жеке әңгіме өткізу әдісін көп қолданады. Тракторшы Шкатория өзінің міндетіне немеркетті қарап, сменалық тапсырмаларын үнемі орындамады. Зайкина жолдас өзінің әңгімелерінде Шкатория жолдасы үнемі сынға алып, ол жөнінде жауынгерлік листокқа мақала жазды. Үгітші Шкаториямен бірнеше рет жеке әңгіме өткізіп, оның жұмысын бақыдауға алды. Осының нәтижесінде Шкатория жолдасының соңғы кезде жұмыс көрсеткіштері анағұрлым жақсарды.

Сонымен қатар, ауыл-селода саяси жұмысты ұйымдастыруда әлі де елеулі кемшіліктер бар. Көп реттерде үгітшілердің әңгімелері үстірт болып, бұқараны алда тұрған шаруашылық міндеттерді шешуге жұмылдырмайды. Преснов ауданының бірқатар колхоздарында саяси жұмыс қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр.

Аманжолді атындағы, Жамбыл атындағы колхоздарда (партия ұйымдарының секретарьлары Әбдірахманов, Жақия жолдас) СОБП Орталық Комитетінің февраль-март пленумының қаулысы колхозшы шаруалар мен механизаторларға терең түсіндірілмеген. Бірқатар колхозшылар мен механизаторлар өздерінің міндетін жете білмейді. Егіс бригадаларында қазақ тіліндегі газеттер мен журналдарды ізден табу қиын.

Мамлют ауданының Куйбышев атындағы ауылшаруашылық артелиінде де саяси үгіттің жайы дәл осындай. Партия ұйымының секретары Рак жолдас егіс бригадаларында сирек болып, онда саяси үгіттің мазмұнды болуын ұйымдастырмайды. Рак жолдас тегі бригадаларда саяси үгітті кеңінен және мазмұнды ұйымдастырмайынша колхозшылардың өндірістік белсенділіктерін арттыру қиын екенін жете түсінбейтін болуы керек.

Колхоз, совхоз және МТС бастаушы партия ұйымдарының, үгітшілердің, партия қызметкерлерінің міндеті — саяси жұмыстың идеялық дәрежесін арттыру, осының негізінде ауылшаруашылық жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне жетісу болып табылады. Ауыл-селода саяси жұмыстың өрісі кең, дәрежесі жоғары болуы керек.

В. ГУСЕВ,

ҚКП облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары.



Солтүстік Каспийде балық аулау қызу жүргізілуде. Гурьев облысының балық аулайтын 20 колхозы жарты жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шықты. Ауланған балықтар Гурьев балық комбинатына үздіксіз жөнелтілуде.

СУРЕТТЕ: балық аулайтын жел кенді кемелер теңізге шығып бара жатыр.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Фельдшерлік-акушерлік мектепте

Бұл күндері Петропавлдың фельдшерлер, акушерлер даярлайтын мектебінде емтихандар қызу жүргізілуде. Ал, төртінші курс студенттері бұрнағы күні мемлекеттік емтихан тапсыра бастады. Отан соғысына қатысқан оқу озаты Марьян Словетский мемлекеттік емтиханда бірінші болып жауап беріп, өзінің төрт жыл бойындағы алған теориялық білімін практикамен ұштастыра білетінін айқын көрсетті.

Ішкі аурулар пәнінен емтихан тапсырған 29 студенттің 25-і жақсы және өте жақсы деген баға алды. Бұлардың ішінде оқу озаттары Р. Дик, А. Ақметова, Р. Иба-туллина тағы басқалары бар.

Быйыл Петропавлдың фельдшерлер, акушерлер даярлайтын мектебін 93 фельдшер, 29 акушер бітіріп шығады. Олардың көпшілігі облысымыздың тың және тыңайған жерлер іверіп жатқан колхоз, совхоздарына және көрші Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Қостанай облыстарына барып еңбек етуге тілек білдірді.

З. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Кинофильмдерді жиі көрсетуде

Көкшетау ауданындағы киномеханиктер Сергей Навиков, Иван Гуль жолдас еңбекшілердің тілегіне сай кино көрсе-

АЛҒАШҚЫ ТАБЫС

—Бригадир жолдас, тағы бір рет оқып жіберіңіз.

—№ 2 трактор бригадасының алғаш міндеттемегі де жоғары еді. Біздің міндеттеменің жобасы қандай екен, естік,— деді механизаторлар.

Жыйналысты басқарушы бригадир Игнатенко жолдас орнынан тұрып:

—Тынышталыңыздар!... Жолдастар!... Көршіміз Иван Ландыш жолдас басқаратын № 2 трактор бригадасымен түскен социалистік жарыста өз бригадамыздың алған міндеттемесін оқыймын.

—Көктемгі егісті 8 жұмыс күні ішінде сапалы өткізіп, 15 аттық күші бар әрбір трактормен кемінде 900 гектардан жер өңдеуге, тыңнан көтерілетін 400 гектар егісті 3 жұмыс күні ішінде жыртып, оған тұқым себуге, сөйтіп, егістің әрбір гектарынан 18 центнерден, ал, тың жерге егілген бидайдың гектарынан... деп оқып келе жатқан Игнатенконың өзін тракторшы Чернобаев бөліп жіберді.

—Жолдас, Михаил, сен бригадир де, мынау отырған Николай саған көмекші, демек, саңдер қолбасы да біздер сарбаз. Бәріміз бірігіп жорық алдындағы жауынгер дивизияға ұқсаймыз. Міндеттеме көтеріңкі болса, дауыс та көтеріңкі болсын, қаттырақ оқы, —деді ол әзілмен.

Михаил салмақпен жүліп, оның тілегін қабыл алғандай, әдепмен бас изеді де, дауысын көтере түсті.

—Біз, —деді ол, —болмас нәрсені желеу етіп отыратын адам емеспіз. Озат агротехниканы кеңінен қолданып, өнімді еңбектің нәтижесінде, табиғаттың бермесін тартып алатын адамдар емеспіз бе? Сондықтан тың жерге егілген бидайдың гектарынан 21 центнерден өнім аламыз деушілерге мен қосылғым келмейді. 22 центнер болсын деймін, өйткені, быймы жер ылғалы мол. Аударылған қара топырақтың суы шығып жатқан жоқ па?... Маржандай таза сортты бидай тұқымын сеуіп, оны агротехникалық дәрежеде жұмыстап, арамшөпін кезінде отап, піскен жемде шапшай- төкпей мұқият жыйнап алсақ, біз 22 центнерді сөзсіз аламыз ғой деймін.

—Аламыз, әбден аламыз,—деген дауыстар бірден-ақ қатарласа шықты. Бригада жыйналымы шегізгі мәселенің түйінін шешіп, тиісті қорытындыға жетті.

Бұл апрель айының бір кешінде Совет МТС-нің (Совет ауданындағы) «Борьба за коммунизм» колхозында істейтін Михаил Игнатенко жолдас басқарған озат № 3 трактор бригадасында өткізілген жыйналыс еді. Әдеттегідей бүгін жыйналыс ұзаққа созылды. Механизаторлардың бәрі де өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алысып, оны аброймен орындауға зерт беріп тарады. Бригадир Михаил өз үйінің алдына келгенде тракторшы Чернобаевтың сөзін еске түсірді.

—Я, ертең жорық. Сол жорыққа тивизиямызды бастаймыз, —деп ерні жыбыр етті.

Екі сағатты колхоз кеңесінің алдына жетіп келді де аттанып тез байлай са-

деп жауынгерше қысқа жауап берді де орнына отырды.

Бригадирлер мәліметтерін тапсырып, жұмыстың жетістік, кемшіліктерін айтысты.

—Жағдай қалай, —деді манадан кезек күтін отырған МТС директоры Лымарь, Михаилге.

—Жағдай көңілді. Бүгін бригада бойынша тапсырма 157 процент орындалды. Тракторшылар Чернобаев, Брюховец және Шлегель жолдас көтеріңкі сменалық нормаларын 160—170 процентке дейін жеткізіп, елеулі табысқа ие болды. Міне, осындай өнімді еңбектің нәтижесінде бригадада көктемде көтерілетін 400 гектар тың және тыңайған жердің жоспары да бүгін, яғни үш жұмыс күні ішінде аяқтанды.

—Өте жақсы, алғашқы табыстарымен құттықтаймын, барып тынығыңыз,— деді риза болғанын білдіріп, Лымарь жолдас оған.

—Демалғым келмейді, ертең селеуді кең жазыққа қайта жорық бастаймыз ба деген ойымыз бар, —деді Михаил. Бұл кезде оның жүзінен бір жігерлік байқалғандай болды.

Таң рауандай бастағанда «Борьба за коммунизм» колхозының солтүстік өңірін алып жатқан аңызға Игнатенко басқарған № 3 трактор бригадасы бірінші болып шықты. «С—80» тракторының рулін ұстап, бригаданың озат тракторшысы, коммунист Тимофей Брюховец жолдас барды. Ол өзі жүргізіп келе жатқан қуатты машинасының тез қыймылды шабыттана жүйткіген шапшаңдығына іштей риза болып келеді. Көп қорписты түрдегі плугтер жер қыртысын терең аударып, қопара жыртып барады. Мұның ізінше тракторшы И. Чернобаев, И. Шлегель, Кох жолдас олар да өздері қыртытын участоктеріне шығып, алып машиналарын бірден-ақ қатарласа жөнелді.

Бұл күні бригада мүшелері өнімді еңбек етті. Олардың таң сәріден басталған қызу қыймылдары кешке дейін бәсеңдемеді. Әсіресе, бұл істе тракторшы Брюховец, Чернобаев жолдас көзде ерекше түсті. Олар сменалық нормаларын 125—130 процент орындап, басқаларға еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Ал, бригада бойынша тапсырма біржарым есеге жуық орындалды. Игнатенко жолдас басқарған трактор бригадасында көктемде пар жұрту жұмысы да осылай алғашқы күннен қызу қарқынмен жүргізілді.

Міне, бүгін 9 күн... Жыртылған жең алқап зор күштің алдында бой алдырғандай, жонарқасын беріп, созылып жатыр... Кешегі ақ селеуді кең жазық, бүгін мол өнім негізін қалаушы құнарлы жерге айналды.

—Міндеттеме —10 жұмыс күні ішінде 808 гектар тың жер есебінен пар көтеру еді. Оны біз аброймен орындаймыз, —дейді Игнатенко жолдас.

Ол айтса-айтқандай, сергіне беріп озат бригаданың механизаторлары социалистік жарыста алған өздерінің міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Олар қазір пар

аяқталды

Октябрь ауданы Ленин атындағы колхоз партия ұйымының жаңыдағы СОКП тарихын үйренетін үйірменің тыңдаушылары оқу программасын толық өтіп, қорытынды сабақтарға белсене қатысты.

Қорытынды сабақтарда талқылауға СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдарының қаулылары, Коммунистік партияның тактикалық негіздері жөніндегі мәселелер қойылды. Бұл сабақтарға үйірме құрамындағы 20 адамның бәрі де қатысты. Тыңдаушылар Сәрсекеев, Қапаров жолдастардың әңгімелері мазмұнды болды.

Е. СМАҒҰЛОВ.

Көшкі партия мектебіндегі емтихандар

Партия оқу жүйесіндегі үстіміздегі оқу жылында Конохов аудандық партия комитеті жаңындағы көшкі партия мектебі коммунистердің оқуын ойдағыдай ұйымдастырды. Мұнда бірінші жылға арналған оқу программасы бойынша оқытын топта 9 адам, ал екінші жылғыда 12 адам оқыды. Мектеп тыңдаушыларының басым көпшілігі колхоздардың және селолық Совет атқамдерінің председателдері, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары болды.

Жақында партия тарихы бойынша болған емтихандарда мектеп тыңдаушылары өздерінің терең білім алғандықтарын байқатып, емтиханды тек «өте жақсы» және «жақсы» деген бағаларға тапсырды. Мәселен «Новый путь» колхозының председателі Тютюнков жолдас СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулы-

сы жөнінде айтқанда өз колхозының өмірімен тығыз байланыстырды. Ол артельдің өткен жылы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін ұлғайтуы жөнінде нақтылы мысалдар мен фактілер келтірді. «Путь Ленина» колхозы бастауыш партия ұйымының секретары Отрадний жолдас және Букин, Гуль жолдастар да оқу программасы бойынша СОКП тарихын жақсы білген.

Осы сыяқты, көшкі партия мектебінің екінші жылында оқытып тыңдаушылар маркстік-лениндік теорияны үйренуде қажырлы еңбек етті. Олар емтиханда теориялық мәселелерді коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерімен байланыстыра білді.

И. КАРГАПОВ,

ҚКП Конохов аудандық комитетінің штаттағы насихатшысы.

растарды ұқышты тексеру арқылы еңбекшілерге кинофильмдердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз етуде.

Таңдаулы киномеханиктер өз міндеттерін ұқыштылықпен атқару нәтижесінде кинофильмдер көрсету, қаржы жыйнау және еңбекшілерді киномен қамту жоспарын үнемі дергезінде орындап отырады.

Б. СӘЛМЕНОВ.

Омарта шаруашылығы

Бал арасын өсіріп, омарта шаруашылығын өркендету мақсатымен быйыл Токшын совхозында бірнеше гектар жерге көп иісті гүлді өсімдіктер егілді.

Кәзір совхозда 33 семья бал арасы бар. Быйыл омарта шаруашылығының өзінен ғана 10 мың сөм кіріс алу жоспарланған.

Мемлекеттік жаңа заемды ойдағыдай таратайық

А. ЗВЕРЕВ,

ССРО Финанс министрі.



жеті рет кеміту нәтижесінде 1954 жылы бұл товарлардың бағасы 1947 жылғы бағадан 2,3 есе кем болып отыр. Совет Одағында товар айналымы жылма-жыл ұлғайтылуда. Халықтың тұтынуы артып келеді. Үстіміздегі жылы халыққа 1950 жылғыдан 75 процент артық товар сатылады. 1954 жылы товар айналымының көлемі бесжылдық жоспар бойынша 1955 жылға белгіленген товар айналымы жөніндегі тапсырмалар асып түседі.

ССРО-ның 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде ауыр және жеңіл өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, транспортты, сауданы онан әрі өркендетуге, халық ағарту, денсаулық сақтау істеріне, осы жылғы 1 апрельден бастап жүргізілген Мемлекеттік бөлшек сауда бағасын кеміту шараларына және экономиканы өркендетіп, халықтың тілектерін қанағаттандыруға бағытталған басқа шараларға қажетті қаржылар қаралды.

Халық шаруашылығын өркендетуге 1954 жылы бюджет қаржысы мен шаруашылық ұйымдарының өз ресурстарын қосқанда, 326,7 миллиард сом, соның ішінде — бюджеттен 216,4 миллиард сом қаржы бөлінеді. 1953 жылмен салыстырғанда халық шаруашылығына жұмсалатын мемлекет қаржысы 19,8 процент артады. Оның өзінде ауыр өнеркәсіпке бюджеттен және шаруашылық ұйымдарының өз қаржысы есебінен 133,2 миллиард сом, халық тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарлар өндірісін ұлғайтуға және саудаға — 36,6 миллиард сом, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге — 74,4 миллиард сом қаржы жұмсалды.

Быйылғы жылы көмір, мұнай шығару, электр қуатын өндіру, социалистік экономиканың барлық салаларына керекті машиналар мен жабдықтар жасау едәуір дәрежеде арта түседі.

1954 жылы халық тұтынатын товар-

лар өндірісі бесжылдық жоспар бойынша 1955 жылға белгіленген дәрежеге жетеді, яғни халық тұтынатын товарлар өндірісі жөнінде бесжылдық жоспар мерзімінен бұрын төрт жылда орындалады.

Ауыл шаруашылығын өркендетуге мемлекет бөліп отырған қаржы 1953 жылмен салыстырғанда 42,4 процент артады. Бұл қаржы быйылғы жылы СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдарының қарарларына сәйкес, машина-трактор станциялары мен совхоздарды онан әрі нығайту, ауыл шаруашылығын ең жаңа техникамен бұрынғыдан да зор көлемде жабдықтау, колхоздар мен совхоздарды агрономиялық және зоотехникалық жағынан қамту ісін жақсарту жөнінде белгіленген шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Зор көлемді тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде партия алға қойған міндетті орындауға көп қаржы бөліп отыр.

Ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу бағасының арттырылуына және бұл өнімдерді мемлекеттің көбірек сатып алуына байланысты бюджетте бұл шараларға 23,3 миллиард сом қаралды, мұның өзі колхоздар мен колхозшылардың өз әйбегінің нәтижесіне экономикалық жағынан ынтасын арттыруға көмектеседі, олардың табысын молайтудың елеулі факторы болады.

Партия мен үкмет ауыл шаруашылығы саласында жүзеге асырып отырған және бюджетте айқын бейнеленген шаралар ауыл шаруашылығының барлық салаларын жедел өркендетуді қамтамасыз етуге бағытталған, бұл шаралардың жұмысын табының колхозшы шаруалармен мызғымас одағын онан әрі нығайту үшін орасан зор маңызы бар.

Халық ағарту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және хауісіздендіру істерін онан әрі өркендетуге бюджеттен көп мөлшерде бюджет қаржысы бөлініп отыр.

Совет халқының әлеуметтік-мәдени тілектерін қанағаттандыруға жұмсалатын қаржы 1954 жылғы бюджет бойынша 141,4 миллиард сом мөлшерінде, яғни 1953 жылғыдан 9,8 процент артық көзделген. Әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалатын мемлекет қаржысының артуы халық тұтынатын товарлардың мемлекеттік бөлшек сауда бағасының кемітілуі, сонымен қатар ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу бағасының арттырылуы, салық төлемдерінің кемітілуі және басқа шаралар нәтижесінде, Совет Одағының халқы бюджеттің есебінен 1954 жылы, 1953 жылға қарағанда, 45 миллиард сомға жуық мөлшерде қосымша пайда көреді.

Совет Одағы, бейбітшілік және халықаралық ынтымақты нығайту саясатын дәйектілікпен жүргізе отырып, еліміздің қорғанысын күшейту үшін қажетті шараларды қолданып келеді. Бұл мақсатқа бюджеттен тиісті қаржы бөлініп отыр.

ССРО Мемлекеттік бюджетінде қаралған шығындар ең алдымен социалистік шаруашылықтан түсетін табыстар есебінен қамтамасыз етіледі, бұлардың көлемі социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіру, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту негізінде жылма-жыл артып келеді. 1950 жылмен салыстырғанда ССРО Мемлекеттік бюджеттің кірістері 1954 жылы 149 миллиард сомнан аса артады және 1940 жылғы бюджеттің кірістерінен үш еседен де асып түседі. Социалистік шаруашылықтан түсетін қаржы 1954 жылы 497,3 миллиард сом, яғни бюджеттің барлық кірістерінің 86,9 проценті болады.

Бюджетті ойдағыдай орындау және партия мен үкмет белгілеген шараларды қажетті қаржымен қамтамасыз ету еңбек өнімділігін үнемі арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту, үнемшілдік тәртібін қолдану жолымен ішкі шаруашылық қорларын үнемі молайтуды талап етеді. Міндет, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырмалардың әрбір кәсіпорнында, шаруашылықтың әрбір саласында сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуде болып отыр.

лып, кеңсеге кірді. Отырғандардың манадан күткені де тың жер игерудегі № 3 трактор бригадасының бригадирі Игнатенко мен колхоз агрономы Рудий екі. Міне, оларда келіп үлгерді. Шам сәулесі толық түсіп тұрған үлкен етолда колхоз председателі Әубаев қағаз жазып отыр.

— Михаил, Сіздің мәліметіңіз? Игнатенко орнынан тұрды да:

— Бүгін 53 гектар жер жыртылды, 148 гектар жер тырмаланып, оған бидай тұқымы себілді, 40 килограмнан астам жанармай мен жағармай үнемедік, —

АУДАНДЫҚ КЕҢЕСТЕ

Жақында Ленин ауданында МТС директорлары мен колхоз председателдерінің бастауыш партия ұйымдары секретарларының бір күндік кеңесі өткізілді. Онда аудандық партия комитетінің секретары Плевако жолдас көктемгі егістің қоры-

жыртуды аяқтауға жуық.

Көс басынан жана ғана тамағын ішіп шыққан механизаторлар көпке дейін өздерінің табыстарын әңгіме етісті.

— Иван, тарт балды, — деді Михаил бір кезде. Жастар көктем кешінде ойнал, күліп, билеп жатты. Бұл күні олардың шалқыта салған әні, көңілді күй сарыны көпке дейін басылған жоқ.

Міне, Михаил Игнатенко жолдас бастаған № 3 трактор бригадасындағы алғашқы табыс осындай.

С. ЛЕКЕРОВ.

тындылары және пар жырту, шөп шабу жөніндегі міндеттер туралы баяндама жасады.

Кеңеске қатысушылар алда тұрған шаруашылық міндеттерді жүзеге асыру жөнінде өзара пікір алысты.

Совет бюджеті кірістерінің қосымша көздерінің бірі, халықтың арасында заем таратудан түсетін қаржы болып табылады. Еңбекшілердің заемдарға жазылуы арқылы совет мемлекетінің қарамағына беретін ақпалай қаржысы социалистік экономиканы нығайтып, онан әрі өркендетуге, совет адамдарының мәдениеті мен әл-ауқатын арттыруға бағытталады.

Советтік Мемлекет заемдары сонымен бірге еңбекшілердің ұтыс ретінде алатын табыстарының қосымша көздерінің бірі болып табылады. 1951-1953 жылдардың ішінде халыққа Мемлекеттік заемдар бойынша 21,4 миллиард сом ақша төленді.

1954 жылы, Мемлекеттік үш процентті ішкі ұтыс заемы жөніндегі ұтыс тираждарын және заемды шегеретін төрт тиражды қосқанда 23 ұтыс тираж өткізіледі. Быйылғы жылдың өзінде ғана халыққа заемдар бойынша 10,5 миллиард сом ақша төленеді.

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемы быйыл 16 миллиард сом мөлшерінде шығарылып отыр. Жаңа заемның шығарылу шарттары жағынан өткен жылғы заемнан айырмашылығы жоқ. Заем жөніндегі табыстар ұтыс түрінде төленеді. Бұл заемның 20 жылдық мерзімі ішінде төленетін ұтыстың жалпы сомасы орта есеппен жылына үш процент болады. Заемның ұтыстары, оның өз құнын қосқанда, 100 сомдық облигацияға 10.000, 5.000, 1.000, 500 және 200 сом мөлшерінде белгіленді. 1955 жылдан бастап жыл сайын заем бойынша екі ұтыс тиражы өткізіледі. 20 жылдық мерзім ішінде, бұдан бұрынғы заем сыяқты, барлық облигациялардың 35 проценті ұтады. Облигациялардың қалған 65 проценті олардың иелеріне өз құны бойынша төленеді.

Жаңа заемға жазылу жұмысы, бұрынғы жылдардағы сыяқты кәсіпорындарда, мекемелерде, колхоздарда, оқу орындарында және басқа орындарда оған қала мен село еңбекшілерінің өз еркімен қатысу негізінде өткізіледі.

Жұмысшылар арасында заемға олардың екі апталық жалақысы есебінен, ал қызметшілер мен әскери қызметшілер арасында — олардың жарты айлық жалақысы есебінен жүргізіледі. Соның өзінде кәсіпорындардың, мекемелердің және Финанс органдарының заемға бұл мөлшерден тыс жазылуды қабылдауына тыйым салынады.

Жұмысшылар мен қызметшілер сонымен қатар кәсіпшілік артельдерінің мүшелері облигацияға жазылған сомасын кәсіпорындарда, мекемелерде, немесе ұйымдарда өздерінің жұмыс істейтін жерінде төлейді. Жаңа заемға жазылу сомасының алғашқы жарнасы 1954 жылғы июнның екінші жартысында төленетін жалақыдан ұсталады, ал ең соңғы жарнасы — 1955 жылғы апрельдің бірінші жартысына төленетін жалақыдан ұсталады.

Шаруалар жаңа заемның облигацияларын сатып алу ақысын селолық Советтердің уәкілдері арқылы өздерінің тілегі бойынша — заемға жазылған уақытта, немесе 1955 жылғы 15 апрельге дейін кемшілік алын ақпалай төлейді.

Быйылғы жылы жаңа заемға жазылу жұмысы совет халқының қолы жеткен жаңа табыстары жағдайында өтетін болады.


Партия мен үкмет жүргізіп отырған шаралардың нәтижесінде, жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысының артуы және шаруалар табысының молаюы халықтың материалдық әл-ауқатын онан әрі арттыруды қамтамасыз ете отырып, заемды ойдағыдай таратуға қолайлы жағдай тудырады.

Кәсіпорындарда, мекемелерде, колхоздарда, совхоздарда, машина-трактор станцияларында кең көлемде бұқаралық-түсінік жұмысын жүргізу заемға жазылуды ойдағыдай өткізудің, заемға жазылу сомасының мезгілінде және толық түсуінің маңызды шарты болып табылады. Бұл іске бүкіл партия, совет, кәсіподақ және комсомол активі белсене қатысуға тиіс. Заемды ойдағыдай тарату — бүкіл совет жұртшылығының міндеті.

Үкмет шығарған жаңа заемның ұйымшылдықпен және ойдағыдай таратылатынында күмен жоқ.

Астық фабрикасы

(Жаңа ұйымдастырылған
Булаев совхозында)



Өмір бойы соқа тілі тимей, тек аш мен күстің мекені болған Майбалық көлінің басы ойыл қызу еңбек дабылымен жаңғырықты. Қар шеті сәгілместен көп бұрын мұнда жаңа совхоздың — болашақ астық фабрикасының ірнесі қалама бастады.

«Астық — ел ырысы, халық байлығы». Осы ырысты да, байлықты да жасайтын — адам, Советтік Отаны үшін, өз халқының игілігі үшін еңбек етуді әрқашан абыройлы борышым деп санайтын — совет адамы. Міне, сол адамдар — партияның шақыруымен астық молшылығы үшін күрестің алдығы шебіне келген патриоттар еңбек майданына бірден-ақ араласты. Бұрынғы тігінші — қазір құрылысшы, аял-техник, слесарь, токарьлар — механизаторлар болды.

Жоғарыда айтылған Майбалық көлінің басында жаңадан ұйымдастырылған Булаев астық совхозына еліміздің түрлі қалалары мен облыстарынан быйыл 400-ден аса адам келді. Олардың басым көпшілігі жастар, комсомолецтер. Еріктілер, негізінен кәсіпорындарында, мекемелерде, істеген адамдар болса да, жаңа жағдайдың қатаң талаптарына сай жаңа мамандықтарды меңгеріп алды. Мәселен, Ярославльлық тоқымашылар Зинаида Постнова, Галина Камышина, Клара Носенкова және токарь Вячеслав Максимов (2-сурет) — қазір совхоздың таңдаулы құрылысшылары.


олардың жаңа табыстарға жету жолындағы күресті нәрменді түрде жүргізіп отырғандығының кепілі.

Осы бригаданың өзінде ауыспалы қызыл жалау бар. Ол жалаудың тыңға шабуыл басталғалы бригаданың бірнеше трактордың радиаторының, фараларының үстінде желбірегенін бүкіл совхоз коллективі біледі. Мұның осылай жиі ауысуының сыры мынада: көптеген тракторшылардың норманы орындау, уақытты, жағар, жанар майын үнемдеу, жерді өңдеу сапасының көрсеткіштері алма-кезектесіп отырады. Бұдан шығатын қорытынды — бригададағы жұмыс қарқыны жоғары, социалистік жарыс шын мәнінде бүгінгі талаптарға сай ұйымдастырылған.

Еңбектегі мұндай қарқын совхоздың

алдында тұрған орасан зор міндет — быйылғы жылдың өзінде 21 мың гектар тың жер жырту тапсырмасын қалтқысыз жүзеге асыруға толық мүмкіншілік береді. Көктемгі егіс кезінде ғана 3.500 гектарға жуық тың жер көтерілді. Ал, көзір тыңға шабуыл барған сайын үдей түсуде. Үдемелі қарқын — совет адамдарының дәстүрлі ісі.

Жоғарыдағы бірінші суретте төрт бөлмелі құранды үйдің құрылысының аяқталып келе жатқанын көреміз. Бұл совхозта бірінші салынған үй. Ал, көзір осындай 14 үйдің құрылысы аяқталып келеді. Оның үстіне екі қабатты сегіз пәтерлі үйлерді салу да қызу жүргізілуде. Бұл жұмыстарды жаңа келген еріктілерден ұйымдастырылған 7 бригада атқарады. Олардың құрамында 180 адам бар.



Женева кеңесіндегі корей мәселесі туралы

ССРО Сыртқы істер министрі В. М. МОЛОТОВТЫҢ 1954 жылғы 5 июньде жасаған мәлімдемесі

Председатель мырза, делегат мырзалар! Корей мәселесі осы кеңесте айдан аса уақыттан бері талқылануда. Қыйыр Шығыста бейбітшілік пен хауіпсіздікті қолдаумен байланысты осы пісуі жеткен халықаралық проблеманы қарау барлық елдердің халықтарының зор назарын аударды. Бұл кеңестің Кореядағы жағдайды неғұрлым тез бейбітшілікпен реттеуді қамтамасыз ететіндей, ұлттық бірлікке және тәуелсіз демократиялық корей мемлекетін құруға жеткізетіндей, сөйтіп, халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдетуге көмектесетіндей келісілген қарарлар қабылдауын барлық бейбітшілік халықтармен бірге күтіп отырған Азияның халықтары корей мәселесінің Женева кеңесінде талқылануына ерекше ынта қойып отыр.

Міне мұның бәрі, күмән жоқ, корей проблемасының объективтік түрде, тұрашылдықпен қаралуы үшін және бұл проблеманың корей халқының мүдделеріне, халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайту мүдделеріне ойдағыдай реттелуі үшін Женева кеңесіне қатысушылардың бәріне де зор жауапкершілік жүктейді.

Кәзіргі уақытта жалпы дискуссияға кейбір қорытындылар жасау пайдалы болған болар еді.

Осында Корей Халық - Демократиялық Республикасының делегациясы, Корей республикасының делегациясы, сонымен қатар басқа делегациялар енгізген ұсыныстар қаралды. Бұл ұсыныстарға байланысты пікірлер алысу әртүрлі делегациялардың позициясын анықтауға көмектесті.

Пікірлер алысу нәтижесінде Кореядағы жағдайды бейбітшілікпен реттеуге негіз болуға тиісті кейбір негізгі принциптер жөнінде көзқарастардың белгілі дәрежеде жақындаса бастағанын біз атап айта аламыз.

Бұған байланысты осында ағылшын делегациясы басшысының айтқан пікірлерін атап көрсету керек, бұл пікірлерге назар аударуға болатындығы күмәнсіз — мен бұл арада корей мәселесі жөнінде келісімге жету үшін негізгі принциптер белгіленсін деген оның 13 майдағы ұсынысын айтып отырмын. Корея жөніндегі болашақтағы келісімнің негізгі принциптері жайында алдын ала қарар қабылдау басталған жұмысты аяқтау үшін бізге қолайлы мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп береді дегенге біз келісеміз.

Біздің пікірімізше, көзірдің өзінде-ақ кеңестің келісілген қарар қабылдауына болатындай кейбір маңызды мәселелерді бөліп шығаруға барлық негіздер бар, өйткені делегациялардың бұл мәселелер жөніндегі көзқарасы едәуір дәрежеде үйлесім отыр.

Бұл мәселелер қандай?

Бірінші. Кеңеске қатысушылар бүкіл Кореяның территориясында жалпыкорейлік ұлттық жыйналыстың сайлауы өткі-

затысы бар мәселелерді ерекше талқылауға тура келер еді.

Төртінші. Жалпыкорейлік сайлау халықаралық органның бақылауымен өткізілсін дегенге кеңеске қатысушылардың бәрі де келісіп отыр. Бірақ кеңесте осы халықаралық органды құру тәртібі жайында әртүрлі көзқарастар бар екені байқалды. Қытай Халық Республикасының делегациясы ұсыныс енгізді, бұл ұсыныста Кореядағы сайлауды бақылау ісін Кореядағы уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап елдердің комиссиясы сияқты құрамға елдірілген бейтарап елдердің комиссиясының жүзеге асыруы көзделген. ССРО делегациясы бұл ұсынысты қолдайды және бұл ұсыныс осы органның алдына қойылатын мақсаттарға сай келеді деп санайды. Кеңеске қатысушылардың кейбіреулері сайлауды бақылау БҰҰ комиссиясына тапсырылсын дегенді жақтады.

Біздің пікірімізше, сайлаудың өткізілуін бақылау жөнінде халықаралық комиссия құру туралы мәселені кеңес принципінде шеше алар еді. Ал осы комиссияның құрамы мен оның міндеттеріне жететін болсақ, бұл мәселелер жөнінде өзара қосымша пікірлер алысуға, сөйтіп өзара келісуге әрекет жасауға болар еді.

Бесінші. Кеңеске қатысушылар Кореядағы уақытша бітім туралы келісімді бұзуға мүмкіндік бермейтіндей және бұл елдің бейбітшілікпен өркендеуін қамтамасыз ететіндей жағдайлар тудырудың маңызды екенін атап көрсетті. Бұған байланысты, егер Қыйыр Шығыста бейбітшілікті қолдауға анағұрлым мүдделі мемлекеттер өздеріне тиісті міндеттемелер алатын болса, Кореяны бейбітшілікпен өркендетуді қамтамасыз етуге болар еді деген пікірлер айтылды. Мұның өзі, сонымен бірге, Кореяны ұлттық жағынан біріктіру міндетін жүзеге асыруға көмектескен болар еді. Бұл маңызды мәселені шешу, атап айтқанда, КХДР делегациясының ұсыныстарында көзделген.

Кеңестің Кореяда бейбітшілікті сақтауға байланысты осы елеулі мәселеге соқпай етуге тиіс еместігі өзінен-өзі түсінікті. Кореяны бейбітшілікпен өркендетуді қамтамасыз ету жөнінде анағұрлым мүдделі мемлекеттер тарапынан тиісті міндеттемелер алудың қажеттігі жайында кеңес көзірдің өзінде-ақ қарар қабылдай алар еді. Жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді атап айтқанда қандай мемлекеттердің өздеріне алуға тиіс екендігі, сондай-ақ мұндай міндеттемелердің сыйлаты жайындағы мәселені қосымша қараған дұрыс болар еді.

Біздің пікірімізше, бірінші кезекте қарауға жататын мәселелер міне осылар. Кеңеске қатысушылардың позициясында елеулі алшақтық тудырып отырған принциптері де біз мүжыят талқылап, бұл принциптерді жүзеге асырудың практи-

бітшілікпен өркендетуді қамтамасыз етуге міндеттемелер алуы қажет деп саналсын, мұның өзі Кореяны ұлттық жағынан біріктіру міндетін шешуге көмектескен болар еді.

Кореяның бейбітшілікпен өркендеуін қамтамасыз ету жөнінде өздеріне міндеттемелер алуға тиіс болатын мемлекеттер туралы және мұндай міндеттемелердің сыйпаты жайындағы мәселе қосымша қаралуға тиіс.

Совет делегациясының бұл ұсынысы келісілген қарарлар қабылдауға болады деп саналып отырған мәселелерді жеке бөліп шығарады. Бірақ осы жалпы қағыйдаларды қабылдаған күнде де, өздері жөнінде келісімге жетпейінше, Кореяны ұлттық жағынан біріктіруге болмайтындай басқа мәселелердің де шешілмей қалып отырғандығы бұл ұсыныстардың текстінен айқын көрінеді. Мұндай жағдайдың жақсарту екендігін жете бағаламау дұрыс болмайды.

Сөзімнің қорытындысында АҚШ өкілінің 28 майдағы мәжілісте сөйлеген сөзіне тоқтап өтуді қажет деп санаймын.

Біріккен Ұлттар Ұйымын қорғау дегенді сылтау етіп, АҚШ өкілі Кореядағы американдық агрессиясын және БҰҰ Уставын тұта-тұра, сан рет бұзуға негізделген БҰҰ-ның заңсыз әрекеттерін ақтауға тырысты. Ол Кореядағы американдық агрессиясын коллективтік хауіпсіздік принципіне жүзеге асырғандық деп көрсетуге тырысты, бірақ фактілерді бұрмаламаған күнде, дәл осылай деп айтуға, әрине, болмайды да.

Американдық делегаты тіпті Совет Одағы коллективтік хауіпсіздік принципіне қайшы болмай отыр-мыс дегенді айтуға дейін барды. Ал оның бер жағында Совет Одағының дәл өзінің коллективтік хауіпсіздік принципінің неғұрлым белсенді жақтаушысы екендігі, оның бұл принципті іс жүзінде қолдануды жақтап келгендігі және жақтап отырғандығы жалпы жұртқа жақсы мәлім.

Совет Одағының коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатымен жуырда жасаған қадамдары да жалпы жұртқа мәлім. Совет үкметі Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договор жасау жайында ұсыныс енгізді, сонымен қатар ССРО-ның Солтүстік-атлантикалық договорға қатысуын жақтаған пікір айтты, соның өзінде Совет Одағы сияқты бейбітшілік елдердің бұл договорға қатысуы Солтүстік-атлантикалық договорға қатысу елдердің бір тобының басқа елдер тобына қарсы бағытталған агрессиялық ұйымнан коллективтік хауіпсіздік органына айналдырған болар еді дегенді еске алды. Мұның үстіне, Совет Одағы Женева кеңесінде Қытай Халық Республикасы делегациясының мәлімдемесінде білдірілген және Азияның балалық халықтары үшін коллективтік ха-

тапсырмасын неғұрлым тез және сапалы орындауға барлық күш- мүмкіншіліктерін жұмылдырып, үздік еңбектің өнегесін көрсетіп жүрсе, құрылысшылар да өз істерінің табысты болуын қамтамасыз етуде.

Совхозға мемлекет отандық қуатты техниканы жеткілікті мөлшерде беріп отыр. Мәселе сол күшті мейлінше тиімді пайдалана білуде. Жаңадан ұйымдастырылған үш трактор бригадасы күн сайын 170—180 гектар тың жер көтереді, ол жерлер ертеңіне-ақ дискеленіп, тырмаланады. Міне, бұл сыяқты, көлемді жұмыстарды атқаруға П1 «С—80» тракторы, 8 «ДТ—54» тракторы қосылған.

Рас, жаңа техниканың өзі де оны дұрыс пайдалана білгенде ғана жоғары көрсеткіштерге жеткізе алады. Бірақ, бұл жөнінде Булаев совхозының механизаторларына ешбір кінә тағуға болмайды.

Қабілетті ұйымдастырушы, маман механизатор Ичелинцев жолдастың басқаруындағы бригаданың мүшелері іскерлігі, өнімді еңбек етуі, ұйымшылдығы жағынан бүкіл коллективтің құрметтеушілігіне ие болып отыр. Бұл заңды да. Олар еңбек жұмыстары басталғаннан бері совхоздың ауыспалы Қызыл Туын қолдарында берік ұстауда. Ауыспалы Ту — бригаданың еңбектегі ұйымшылдығының,



Бұл — зор күш. Мамандықты меңгерген, партия, халық алға қойған абройлы міндетті мұлтсіз орындауға бекем бел байлаған бұл күштің қолға алған ісінің әрқашан нәтижелі болатыны күмәнсіз.

Совхоз дирекциясының алдында тұрған ең жауапты міндеттердің бірі — барлық жұмысшыларды күзге дейін жақсы жабдықталған үйлерге орналастыру. Құрылыс жұмыстарының кәзіргі барысы бұл мақсаттың күмәнсіз жүзеге асырылатындығының кепілідей.

Пәтер үйлер, кеңселер салумен қатар, құрылысшылар қоғамдық үйлер құрылысын бір мезгілде жүргізеді. Дүкен, асхана, қойма үйлері салынып жатыр. Кәзіргі шатырлар тігілген жерде (4-5-сурет) стандартты үйлер, қоғамдық мекемелер болады. Егер бүгін совхоз жұмысшылары шатырларда дем алып, тамақтанатын болса, күні ертең-ақ сол жерде әсем, жылы, жарық үйлер тұрғызылады. Оған пайдалануға беріліп жатқан жаңа құрылыстардың мейлінше тез салынуы кепіл.

Совхоздың партия, комсомол ұйымы коллективтің рухани тілегін қанағаттандыруды кезек күттірмейтін мәселелердің бірі ретінде совхоз ұйымдастырылған алғашқы күндерде-ақ жолға қойды. Мұнда кітапхана үнемі жұмыс істейді. Жаңа кітаптар күн сайын көптеп келуде. Ал, газет, журналдар күнбе-күн жеткізіліп тұрады. Арнаулы вагоншада почта бөлімшесі бар (3-сурет).

Совхозтағы негізгі тұрғын орын — шатырлардың біріне дәрігерлік пункт орналасқан. Бұл әрине, уақытша, алғашқы кездегі жағдай ғана. Кәзір аурухана үшін арнаулы үй салынып жатыр.

Совхоз жұмысшыларының көпшілігі өз семьясының жұрты қай жерде болатынын кәзірдің өзінде-ақ біледі. Сондықтан олар болашақ өз үйінің ірмесіне ағаштар отырғызып, оғород салуда. Быйылғы көктемде 120 семья өз оғородтарына түрлі ояң, картоп, жеміс отырғызды.

Сан ғасыр бойы тыныштығы бұзылмай, құнарлы топырағында қазыналы



ырысын жасырын жатқан бұл селеулі далаға басталған зор жорықтың алғашқы шабуылдарының бір көрінісі осындай. Бір шеті мен бір шетіне көз жетпес кең алқаптың қатты қыртысы трактор плугінің түренімен аударылып, ел ырысы — алтын дәнді бойына сіңірді. Жай сіңірген жоқ, оны көктете де бастады. Кәзір бұл алқапты бейне бір жасыл көрпе жамылған деуге болады. Ал, ертең он-

да алтын астық теңізі толқыйды. Аң мен құстың еңісі болған бұл даланың төрінде жуырда аса зор мәдени оқығал болды. Өмір бойы тек қана жел сарыны соғып өтетін кең өлкеде, дүниежүзінің ең алдығы қатарлы мәдениет орталығының бірі — Мәскеудің Ленин орденді Мемлекеттік Кіші театры артистерінің ойындары көрсетіліп, әндері шырқалды.

Міне, осылай кеше ғана ың-шыңсыз жатқан Майбалық көлінің басында кәзір қызу еңбек, қайнаған өмір. Ертең-ақ бұл жерде көрікті поселка, жайқалған егін-жай болады. Оны жасап жатқан совет адамдары — коммунизмнің құрылысшылары.

Текстін жазған М. Қоқыбаев.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

ұлтты біріктіруге ұмтылған өзінің заңды талабын жүзеге асыруына мүмкіндік берген болар еді. Бұл сайлау, әрине, жалпыға бірдей сайлау заңын, дауыстын жасырын берілуін және жалпыкөрейлік заң шығару органында халықтық пропорциялық өкілдіктері болуын көздейтін жалпыкөрейлік сайлау заңы негізінде өткізілуі тиіс.

Екінші. Дискуссияның барысында жаппыға бірдей еркін сайлауды әзірлеу және оны өткізу үшін жалпыкөрейлік орган құрылуға тиіс деген ұсыныс талқыланды. Бұл елде болған барлық оқығалардан кейін Корея үшін аса маңызды, жаппыға бірдей сайлау сыяқты шараны бүкіл көрей территориясында тиісті әзірліксіз, бұл елде қалыптасқан кәзіргі экономикалық және саяси сыйпаты бар ерекшеліктерді ескерместен өткізуге болмай дегенге нану тіпті де мүмкін емес.

Кейбір делегациялар бұл орган қандай болуға тиіс және оның жұмысы қандай принциптерге негізделуге тиіс деген мәселе жайында өз пікірлерін айтты. Мысалы, КХДР делегациясы сайлауды әзірлеу және өткізу үшін, сонымен қатар елдің екі бөлігі арасында экономикалық, мәдени байланыстарды қалпына келтіру және өркендету жөніндегі шұғыл шараларды келісіп алу үшін Солтүстік және Оңтүстік Корея өкілдерінен жалпы көрейлік комиссия құру туралы ұсыныс енгізді.

Егер кеңес жоғарыда көрсетілген мақсат үшін жалпыкөрейлік орган құрудың принципінде жақтаған болса, онда бір қадм ілгері басқандық болар еді, өйткені мұндай орган болмайынша, жалпыкөрейлік сайлау өткізу іс жүзінде мүмкін емес. Мұндай органның құрамына, оның міндеттеріне және оның жұмысының негізі болуға тиісті принциптерге келетін болсақ, бұл мәселелерді қосымша қарауға болар еді.

Үшінші. Көрей мәселесін реттеудің қандай жоспарында болса да барлық шетелдік қарулы күштерді Кореядан әкету көзделуге тиіс дегенді кеңеске қатысушылар мойындап отыр. КХДР делегациясының бұл мәселе жөнінде енгізген ұсыныстары барлық шетелдік әскерлерді Кореядан жалпыкөрейлік сайлау өткізуге дейін әкетуді көздейді. Шетелдік әскерлерді әкету туралы мәселе Көрей республикасының делегациясы енгізген ұсыныстарда да бейнеленді, алайда бұл ұсыныстарда америка әскерлерінің әкетілуі «сайлау өткізгенге дейін басталуы мүмкін, бірақ бұл әскерлерді әкету Кореяның біріккен үкметі бүкіл Кореяға өз бақылауын орнатқанға дейін аяқталмайды» деген ескертпе жасалған.

Бұл ұсыныстардың айырмашылығы бар екендігіне қарамастан, шетелдік әскерлерді әкетуді кеңеске қатысушылардың бәрі мойындап отырғандықтан, егер барлық шетелдік қарулы күштерді Кореядан әкетуді кеңес принципінде жақтаған болса, мұның өзін қолайлы факті деп қарауға болар еді. Шетелдік қарулы күштерді Солтүстік және Оңтүстік Кореядан әкетудің нақты мерзімдерін белгілеуге

бұл алашақтықтар таяудағы уақыттың өзінде бүкіл көрей халқына беделді жалпыкөрейлік орган құру қажеттігі барлық шетелдік қарулы күштерді Кореядан әкету, Кореяны онан әрі бейбітшілікпен өркендету шарттарын тиісті мемлекеттердің қамтамасыз етуі сыяқты маңызды мәселелер жайында болып отыр.

Совет делегациясының пікірінше, кеңеске қатысушылар бұл принциптер жөнінде өздерінің көзқарастарын жақындастырып, өзара қабылдауға болатындай келісімдерге жету үшін күш-жігерін жұмсауға тиіс. Бұған байланысты совет делегациясы Кореядағы жағдайды бейбітшілікпен реттеудің жоғарыда көрсетілген мәселелерін нақты түрде талқылауға кәзірдің өзінде кіріскен дұрыс болар еді деп ойлайды. Мұнымен бірге дискуссияның барысында біздің қелісуімізге болатындай негізгі қағидаларды тиісті қарар қабылдау жолымен баянды еткен жөн болар еді.

Бұл ескертпелерге сәйкес совет делегациясы өз тарапынан кеңестің қарауына мынадай қарар жобасын ұсынууды мүмкін деп санады:

«Женева кеңесіне қатысушылар көрей мәселесін бейбітшілікпен реттеуге қатысы бар мынадай негізгі принциптер туралы келісті:

1. Кореяны біріктіру және біртұтас тәуелсіз, демократиялық көрей мемлекетін құру мақсатымен бүкіл Кореяның территориясында еркін сайлау өткізілігін.

Сайлау осы келісімге қол жеткеннен кейін алты айдың ішінде өткізілуі тиіс.

Сайлау жалпыға бірдей сайлау заңы бойынша, дауысты жасырын беру негізінде өткізілуі тиіс.

Жалпыкөрейлік заң шығару органындағы өкілдік нормасы бүкіл Корея халқының санына сәй келетін пропорциялы болуға тиіс.

2. Жалпыкөрейлік еркін сайлау әзірлен, оны өткізу және Көрей Халық-Демократиялық Республикасы мен Көрей республикасының өзара жақындауына көмек көрсету үшін Көрей Халық-Демократиялық Республикасы мен Көрей республикасының өкілдерінен жалпыкөрейлік орган құрылсын.

Бұл органның құрамы мен міндеттері туралы мәселе қосымша қаралуға тиіс.

3. Барлық шетелдік қарулы күштер Кореядан белгілі мерзімдерде әкетілісін.

Барлық шетелдік қарулы күштерді жалпыкөрейлік еркін сайлау өткізуді бастағанға дейін Солтүстік және Оңтүстік Кореядан әкетудің мерзімдері мен кезеңдері туралы мәселе қосымша қаралсын.

4. Жалпыкөрейлік еркін сайлаудың өткізілуін бақылау үшін тиісті халықаралық комиссия құрылатын болып белгіленсін.

Бақылау жөніндегі бұл комиссияның құрамы туралы мәселе қосымша қаралсын.

5. Кореядағы бейбітшілікті бұзуға жол бермеу маңызды деп танылып, Қызыр Шығыста бейбітшілікті қолдауға анағұрлым мұддезі мемлекеттердің Кореяны бей-

еттерінің қоғамдық құрылысына қарамастан, оның мәнісіндегі коллективтің хауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бұл қадамдар АҚШ-тың ресми топтары тарапынан қасарысқан қарсылыққа кездесіп отыр. Ақыйқат фактілер міне осындай.

АҚШ өкілдері тіпті Біріккен Ұлттар Ұйымына өздері тарапынан өрескел қысым жасалып отырғанда да, өздерінің осындай қысым жасауы салдарынан БҰҰ Уставының негізгі ережелерінің, мысалы, көрей мәселесінде немесе Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы праволары жөнінде маскаралықпен бұзылып отырған кезде де өздерін бұл ұйымның қорғаушыларымыз деп көрсетуге тырысуда. Бірақ БҰҰ Уставының принциптері мен Уставтың өзін бұзу арқылы БҰҰ-ның халықаралық беделін қолдауға және нығайтуға болмайды. АҚШ тарапынан қысым көрсету арқылы жасалып отырған мұндай бұзушылықтар БҰҰ-ның негіздерін әлсіретеді. БҰҰ Уставының негізгі принциптерін бұзушылыққа қарсы күресу отырып, Совет Одағы Біріккен Ұлттар Ұйымының абройы мен беделін қорғап келеді.

Осында АҚШ-тың билеуші топтары әділеттік пен бейбітшіліктің жақтаушылары деп, адамзаттың праволарын қорғаушылар және мораль принциптерін сақтаушылар деп көрсетуге әрекет жасайды. Бірақ айтылған сөздер іске сай келгенде ғана, фактілерге сай келгенде ғана, тек сонда ғана бұл сөздердің құнды болатындығы, тек сонда ғана маңызды болатындығы әлдеқашаннан бері мәлім. Ал дәл кәзіргі ретте жағдай мүлде басқаша болып отыр. Дәл кәзіргі уақытта, көрей мәселесін бейбітшілікпен реттеу жолдары әлі талқыланып жатқан кездің өзінде АҚШ-тың жаңа агрессиясының хауіп төніп отырғандығына — бұл жолы Оңтүстік-Шығыс Азия ауданында төніп отырғандығына назар аударсақ та жеткілікті.

АҚШ өкілі өзінің сөзін оңтүстіккөрейлік делегаттың ұсыныстарын сөзсіз қолдайтындығымен аяқтады. Бірақ бұл ұсыныстардың Кореядағы нақты жағдайға сәй келмейтіндігі, сондықтан Женева кеңесінің қарарлары үшін негіз бола алмайтындығы мүлде айқын.

Ал совет делегациясы өз тарапынан, егер келісімге жету талабы білдірілген күнде, сөздердің қарауыңызға ұсынылып отырған қарар жобасына тек Женева кеңесінің көрей мәселесі жөніндегі қарарларына негіз бола алатындай қағидаларды ғана қосуға ұмтылып отыр. Соның өзінде талас мәселелер жөнінде онан әрі пікірлер алысу ұсынылады.

Совет делегациясы жоғарыда көрсетілген қарарды қабылдау кеңестің бұдан былайғы жұмысын жеңілдеткен болар еді және көрей халқының мүдделеріне, сонымен бірге жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сәй келетін келісімге жетуге көмектескен болар еді, деп санайды.

Халықаралық шолу

Атом және сутегі қаруына

тыйым салу үшін

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Төтенше сессиясының атом қаруы туралы және хауіпсіздік туралы мәселелер жөнінде қарарлар қабылдағанына бірнеше ғана күн болды. Солай бола тұрса да, адамзатты атом соғысының хауінінен құтқару жолындағы күресті күшейтуге шақырған сессияның үндеріне қазірдің өзінде барлық елдердің халықтары көңінен үн қосып, бұл қарарларды қолдауда.

«Біз, — деп жазған Чехословакияның «Прага» газеті, — өз халқымыздың еркін бiлдiре отырып, бүкiл бейбiтшiл адамзатпен бiрге, жаппай қырып-жойтын қаруға тыйым салуға жету үшiн күресу қурадарын бұдан былай да iздестiре беремiз. Бiздiң халықтарымыз Бүкiл дүниежүзiлiк Бейбiтшiлiк Советiнiң қарарларын өздерiне тән мiндеттер ретiнде қарсы алуда», ливанның көрнектi қоғам қайраткерлерi, ағылшын металл құюшыларының бiрiккен кәсiподағының жыл сайынғы конференциясына қатысушылар, бiрқатар басқа елдердiң саяси, кәсiподақ, дiни және мәдени ұйымдары атом соғысының хауiнiнен адамзатты құтқаратындай батыл шаралар қолдануды өз үкметтерiнен талап еттi. Атом желiкпесiн қоздыруға өзi де көп көмектескен американдық «Уорлд телеграм энд сан» газетi сүтегi қаруына тыйым салуды «дүние жүзiнiң барлық елдерiнде миллиондаған адамдардың» жақтап отырғанына үрейлене қыжылған.

Атом қаруына тыйым салу талабы халықтардың ең ынтызар мүдделерiн бейнелеп отыр. Совет үкметi жаппай қырып-жойтын қаруға сөзсiз тыйым салу қажет екендiгiне сан рет назар аударып, бұл тыйым салудың орындалуына халықаралық қатаң бақылау қоюды талап етуге ұмтылып отырғанын мәлiмден келдi. Бiрақ адамзаттың көкейтестi мүдделесiн сай келетiн совет ұсыныстарын қабылдау Америка Құрама Штаттарындағы агрессияшыл топтардың көздеген әрекеттерiне кайшы келедi.

Американ билеушi топтарының өкiлдерi атом қаруымен қорқытуды өздерiнiң «күш жұмсау тұрғысынан» жүргiзiлетiн атышулы саясатының негiзiне айналдырды. «АҚШ-тың бүкiл саясаты... барған сайын атом қаруын пайдалануға сүйенуде», — деп жазған «Мансли ревью» журналы. Атом қуаты мәселелерi жөнiндегi үкмет комиссиясының ресми, бiрақ тiптi де толық емес мәлiметтерi бойынша, соңғы жылдарда АҚШ атом құрылыстарына 12 миллиард доллар қаржы бөлген. Атом қаруымен қорқытып бөксалау, бүлiншiлiк тудыратын бомбаларды қазену АҚШ-тың сыртқы саясаттағы шараларының практикасына берiк орнап алған. Быйылғы жылғы март-апрельде Тынық мұхит ауданында АҚШ термоядролы қаруды сына-

АҚШ-пен келiссөздер жүргiзуге әзiр екендiгiн бiлдiрдi. Бiрақ iс жүзiнде Құрама Штаттардың атом қаруына тыйым салғысы келмейтiндiгi анықталды. Шетелдiк демократиялық баспасөз АҚШ-тың мұндай незициясын бұл елдiң билеушi топтарының «абыржыған жағдай» тудыруға, сөйтiн «қырғып-қабақтық соғысты» жаңадан швеленiстiруге тырысқан әрекетiмен байланыстырып отыр.

АҚШ билеушi топтарының атом қаруына тыйым салу туралы келiсiм жасағысы келмейтiндiгi халықтардың мүдделерiне қайшы келуде. Сондықтан Бүкiл дүниежүзiлiк Бейбiтшiлiк Советiнiң шақыруы бүкiл дүние жүзiндегi адамдардың басым көпшiлiгiнiң жүрегiнен қызу орын алып отыр.

Шығыс Пакистандағы жағдай

Шығыс Пакистанның Фазлуд Хак бас-таған үкметi орнанын түсiрiлгеннен кейiн iле-шала бұл провинцияның демократияшыл күштерiне қарсы жүргiзiлген тұтқынға алу және жазалау шараларының үстi-үстiне қолданылып отырғаны туралы телеграф әлi де хабарлар жеткiзуде. Дүниежүзiлiк жұртшылық Шығыс Пакистандағы оқиғаларды бұл елдегi реакцияның бас көтере бастағандығы және өзiнiң тамыры американ империалистерiнiң Таяу және Орта Шығыстағы тiмiскiлеген агрессиялық әрекеттерiмен байланысты болып отырған процесс деп бағалауда.

Соңғы жылдарда Пакистанда туған жағдай қазiргi оқиғалардың мәнiн түсiнуге көптеген материалдар бередi.

Бұдан жетi жыл бұрын Индиядағы өз үстемдiгiнiң формаларын өзгертуге мәжбүр болған Англия бұл отарды екi доминионға —Индия Одағы мен Пакистанға бөлген кезде, мұсылман халқы басым, жерi ойнапты және батпақты Бенгалияның шығыс бөлегi Пакистанға берiлгенi жұртқа мәлiм. Бұл мемлекет мiне осылай орнады, оның батыс және шығыс бөлiктерiнiң аралығында, көлемi бiр жарым мың километр жердi қамтыйтын басқа ел —Индия орналасқан. Пакистанды Таяу және Орта Шығыс елдерiнiң агрессиялық блогiне қатыстыру жоспарларын жүзеге асыра отырып, АҚШ-тың билеушi топтары Шығыс Пакистанның өте ыңғайлы жер жағдайын да естен шығармады. Олар бұл елдi бейбiтшiл Индияға қысым жасауға болатын тiрек деп бiлдi: Шығыс Пакистан сонымен қатар Бирмаға, Индо-Қытайға және Оңтүстiк-Шығыс Азияның басқа елдерiне де таяу орналасқан. Американдық командованиесi Индо-Қытайдағы соғыс алаңына француз әскерлерiн жеткiзуде Шығыс Пакистанның аэродромдарын көзiрдiң өзiнде пайдаланып отыр.

Құрама Штаттары Пакистанды Түркиямен соғыс одағын жасасуға мәжбүр етiп, оған өзiнiң соғыс «көмегiн» тапты, бұл «көмек» елдi Американың саяси және экономикалық кiрiсiнiң артына сөзсiз

соқтығысуларды дәл осындай сылтау ретiнде пайдаланып қалды. Орталық өкмет орындары Фазлуд Хактың үкметiн провинцияны басқара «алмады-мыс» деп айыптап, кейiннен оны таратып жiбердi. Өкмет билiгi губернатордың қолына көшiп, Фазлуд Хактың өзi Шығыс Пакистанды бөлiп әкетуге тырысыпты-мыс деген сылтаумен, отанға опасыздық жасады деп айыпталды. Оның министрлерiнiң бiраз бөлегi, сондай-ақ басқа да жүздеген саяси және қоғам қайраткерлерi тұтқынға алынды. Ал Шығыс Пакистанның қалаларын әскери бөлiмдер басып алған, елде қатаң саяси террор үстемдiк етуде. Конституцияның күнi iске асырылмай тасталған.

Шетелдiк шолушылар Шығыс Пакистандағы оқиғаларды әзiрәуде американ дипломатиясының белгiлi роль атқарғанын көрсетуде. Мұны газеттердiң бiрқатар хабарлары дәлелдеп те отыр.

Американдықтар және Азия

Женева келiсiмiнде Индо-Қытайдағы соғыс қйымдарын тоқтату туралы келiсiмге жету мүмкiндiгi неғұрлым айқын болған сайын, американ дипломатиясы бұған солғұрлым күштi қарсылық бiлдiруде.

3 июньде Вашингтонда АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Австралияның және Жаңа Зеландияның штаб өкiлдерiнiң Индо-Қытай туралы мәселе жөнiнде соғыс келiссөздерi басталған. Бұл келiссөздер басталудан сәл ғана бұрын американ әжиссарлары —АҚШ қорғаныс министрi Вильсон және Кореядағы американ әскерлерiнiң бұрынғы команданшасы генерал Ван Флит Тынық мұхит ауданындағы елдерге барып қайтқан. Олар Токиода, Таиванда, Сеулде, Манилада болған.

Шетелдiк баспасөздiң хабарлары мұндай сапарға барудың мақсаттары жайында ешқандай күмән қалдырмай отыр. Мысалы, баспасөздiң әртүрлi органдары, Оңтүстiк-Шығыс Азияға арналған соғыс блогiнiң үстiне, АҚШ тағы бiр агрессиялық соғыс тобын құруды, бұл жолы Солтүстiк-Шығыс Азияда Жапониядан, Оңтүстiк Кореядан, чанкайшiлiк топтан және басқаларынан топ құруды жоспарлауда деп көрсетуде. Шетелдiк баспасөздiң хабарына қарағанда, бұл сапарлар кезiнде чанкайшiлiк бандалардың әрекетiн күшейту туралы, Филиппинде АҚШ-тың соғыс әзiрлiктерiн ұлғайту туралы және оның американ соғыс авантюраларына қатысуы туралы да әңгiме болған: Соның өзiнде Индо-Қытайдағы соғыс ертен шығарыламаған, өйткенi АҚШ бұл соғысты ұлғайтуды оған әрi қасарысып талап етуде. АҚШ конгресiнiң қарауына жоспар ұсынылған, бұл жоспар демократиялық Вьетнамға қарсы соғысты оған әрi жүргiзу үшiн Францияға және Индо-Қытайдағы қолжаулық тәртіптерге орасан көп (1.100 миллион доллардан аса) қаржы бөлудi көздейтiн көрiнедi.

Американдық «Ньюс уик» журналы

Жастардың Берлинде болған жалпы германиялық II слетінің аяқталуы

БЕРЛИН, 8 июнь. (СОТА). Кеше Берлинде жастардың бейбітшілік, бірлік және бостандық жолындағы жалпыгерманиялық екінші слеті аяқталды.

Берлиннің демократиялық секторының ірі алаңдары мен орталық көшелерінде өткен жастардың көп адам қатысқан сесуінен кейін кешкілікте Маркс — Энгельс —Плацта слетіне қатысушылардың қорытынды митингісі болды. Митингке бірнеше жүздеген мың адам қатысты.

Митингте құрметті қонақтардың арасында ГДР халық палатасының председателі И. Дикман, ГДР премьер-министрінің орынбасары В. Ульбрихт, Герман Демократиялық Республикасының үкмет мүшелері, Германия Коммунистік партиясының председателі Макс Рейман, шетелдердің жастар делегацияларының мүшелері, неміс жұртшылығының көптеген өкілдері болды.

Митингте ерікті неміс жастары одағының председателі Эрих Хонекер, демократияшыл жастардың Бүкілдүниежүзілік федерациясының президенті Бруно Бернини, Францияның республикашыл жастар одағының секретары Андрэ Томазэ, Совет жастары делегациясының басшысы В. И. Кочемасов және Қытай жастарының Жаңа Демократиялық Одағының Орталық Комитетінің секретары Цзя Шор-и сөз сөйледі.

Митингке жыйналған слетке қатысушылар Германияның бейбіт жолмен біріктірілуі жолында, барлық неміс жастарының бақытты өмірі жолында, бүкіл дүниежүзі жастарымен достық жолында, бітім договорының жасалуы және оккупациялық әскерлердің әкетілуі жолында барлық күш-жігерін салып күресуге салтанатты уәде берді.

Митингтің қорытындысында оған қатысушылардың бәрі демократияшыл жастар гимнін шаттанған жігермен айтты. Бұдан кейін алаңда орасан зор мейраш болды.

БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ ЧЕХОСЛОВАК КОМИТЕТІНІҢ МӘЖЛІСІ

ПРАГА, 8 июнь. (СОТА). Кеше Прагада бейбітшілікті жақтаушылардың Чехословак комитетінің кең мәжлісі болды. Мәжлісте Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің төтенше сессиясының қорытындылары туралы бейбітшілікті жақтаушылардың Чехословак комитетінің председателі Анежка Годинава-Спурна баяндама жасады. Ол Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Берлинде өткен төтенше сессиясында талқыланған мәселелері туралы толық баяндады. Бейбітшілікті қорғаудың Чехословак комитетінің председателі Александр Гарақ осы мәселе бойынша баяндама жасады.

Республиканың әртүрлі облыстарының өкілдері қатысқан жарыссөзден кейін бейбітшілікті жақтаушылардың Чехословак комитеті қаулы алды, онда Бүкілдүниежүзілік бейбітшілік Советінің төтенше

Индонезия халқының шетел отаршыларының өктемдігіне қарсы күресі

ДЖАКАРТА, 8 июнь. (СОТА). Индонезияның әртүрлі ұйымдары үкметтен Голландия-Индонезия одағының дөңгелек столы конференциясының (1949 жылғы) Индонезияға таңған кіріптарлық қарарларын жоюға және жаңа Гвинея аралының батыс бөлегін Индонезияға қосуға бағытталған батыл шаралар қолдануды талап етуде.

Бүгін ауылшаруашылық жұмысшылары кәсіподақ ұйымы басшылығының (САР-БУПРИ) мәлімдемесі жарияланды. Мәлімдеме былай делінген: «бұл қарарлардың нәтижесінде артықшылықпен пайдаланатын Голландия империалистері біздің халқымызды аяусыз қанауда. Бұл қанаудың зардаптары әресе плантация жұмысшыларына күшті ауыртпалық түсіріп отыр. Голландия империалистері біздің бүкіл экономикамызды бақылауда, еңбекші халық ашаршылық пен қабыршылыққа душар болып отырғанда олар орасан көп пайға табууда».

Басқа да кәсіподақ ұйымдары мен партиялар сияқты ауылшаруашылық жұмысшыларының кәсіподақ ұйымы да үкметті шетел империалистеріне берілген барлық артықшылықтарды дереу жоюға шақырған.

Тунистегі жағдай

ПАРИЖ, 8 июнь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Францияның Тунистегі бас резиденті Вуазар әскери және полиция мекемелерінің өкілдерімен күн сайын кеңес өткізуде көрінеді. Кеше француз өкмет орындары Тунистік «бүлікшілер» дейтіндерге қарсы әрекеттерін жүргізуге тырысты деген мәлімдеме жарияланды.

Өкмет орындары француз отаршыларын қаруландыруда және іс жүзінде, Тунисте патриоттарына қарсы күресу үшін оларға шексіз праволар беруде.

Газеттердің хабарлауынша, Тунис халқының ызаасы мен наразылығы олардың француз отаршыларына барған сайын жиі шабуыл жасауынан көрініп отыр. Мысалы, 6 июньде тунистіктер Мегрин қаласында (Туниске жақын жерде) фран-

Индонезия жұртшылығының қалыптасуы Шығыс Суматра мен Шығыс Ява шаруаларының жер алу үшін өрістеткен күресінен қолдан отыр. Соңғы айлардың ішінде батырақтар мен шаруалар жергілікті демократиялық одақтардың басшылығымен бірсыпыра жерлерде шетел плантаторларын қуып шығып, ондаған мың гектар жерді өзара бөлісіп алған.

Медана ауданында отаршылардың талап етуі бойынша полиция шаруалардың бір тобын тұтқынға алды, деген хабар тарады.

Шаруалар қозғалысының көрнекті басшысы және парламент мүшесі Сидик Картапатидің тұтқынға алынуы демократиялық ұйымдардың арасында күшті ашуыза туғызды. Оны отаршылар мен байландыс жасайтын армияның реакцияшыл офицерлер тобы тұтқынға алған.

Мұнай көп орындарын национализациялау және елдің мұнай қорларын тонап отырған американдық, Голландия және ағылшын компанияларын қуу жолындағы қозғалыс өрістеді. Соңғы апталардың ішінде Суматрада мұнай байлығын шетел монополияларының қарамағынан тартып алуға талап еткен еңбекшілердің көп адам қатысқан митингтері болып өтті.

цуз полицейлерінің бір тобына оқ жаудырған. Сол күні Кеф қаласының ауданында француздардың бір автомашинасын өртеп жіберілген. Тунистегі жағдайдың шиеленіскен күйде қалып отырғанына тоқтай келіп, «Юманите» газеті былай деп жазды: мұндай жағдай Францияның үкмет топтарының жүргізіп отырған саясатының зардабы болып табылады. Бұған мүмкін болғанына тез тыйым салу керек, тұтқынға алынғандар мен жер аударылған саяси қайраткерлерді, мысалы Тунис коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Морис Низарды және «Нео-Дестур» партиясының председателі Хабиб Бургибті босату керек. Тунис халқының әділ талаптарын және оның ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған ынта-жігерін қанағаттандыру керек.

Оңтүстік—Родезиядағы ереуіл қозғалысы

ЛОНДОН. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің хабарлағанындай, Оңтүстік Родезияның үкмет орындарының өкілі төтенше жағдай туралы қаулының негізге алып, комиссия 5 июньде паровоз көчегарларының басшысын, ереуіл комитетінің председателі Тэйлорды тұтқынға алғанын хабарлады.

Кәзіргі жағдайға байланысты 5 июньде түстен кейін көмір мен электр қуатын өте маңызды кәсіпорындар ғана алатын болады.

ЛОНДОН. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі мынаны хабарлады: Англияның Африкадағы отары—Оңтүстік Родезияның үкмет орындары кеше ереуіл жасалу

хауіпке және бүкіл елге көмірдің жетіспегені себепті төтенше жағдай жариялады ұйғарды.

Солсбериде жалақының арттырылуын талап етіп, паровоз көчегарлары ереуіл жасауда. Олар есеп қуғыншылығына ұшырау және жұмыстан шығарылу хауіпіне қарамастан ереуіл жариялады. Оларды Булавойның және басқа қалалардың жұмысшылары қолдауда.

Теміржолшылар кәсіподағының кейбір бөлiмшелерi ереуiл жасаған көчегарлардың бiрде-бiреуi түрмеге қамалатын болса, онда барлық мамандықтағы теміржолшылардың ереуiл ұйымдастыратынын мәлiмдедi.

ды. Бұл сынаулар көптеп жапондарды қазаға ұшыратып, денсаулығына зақым келтірді және Жапонияға миллиард пеннен асатын материалдық зыян келтірді. Қазіргі уақытта АҚШ-та соғысқұмарлар барған сәйін жиі үн көтеріп, Азияның халықтарына қарсы отаршылар жүргізіп отырған агрессиялық соғыстар майдандарында атом қаруын қолдануға шақыруда. Мысалы, отставкадағы американ тышшы-генералы Уиллоби «Фримэн» журналында басылған мақаласында Азия континентіндегі халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын басып-түншықтыру үшін Азияда атом және сутегі бомбаларының жәрдемімен «өрт жайлаған өңірлер» жасауды ұсынған.

Дүниежүзілік жұртшылық пікірімен санасуға мәжбүр болған АҚШ билеуші топтары атом қаруын қолдануға қайдағы бір бақылау қою туралы кейде ұсыныстар жасап жүр. АҚШ үкметінің «атом материалдарының халықаралық қоры» дейтінді жасау жайындағы ұсыныстары әркімге белгілі, бұл «қор», американ ресми насихатының айтуынша, адамзатты атом хауінінен құтқаруға көмектескен болар еді-міс.

Бұл жоспар өткен жылғы декабрьде ұсынылған болатын. ССРО үкметі өзінің бейбітшілік саясатын бұлжытпай басшылыққа ала отырып, бұл мәселе жөнінде

ұшыратады. Бірақ Пакистанда барлық АҚШ билеуші топтарының көздегеніндей болған жоқ.

Пакистан халқы өз елінің агрессиялық блоктарға қатысуына қарсы батыл наразылық білдіріп, американ соғыс «көмегіне» батыл қарсы шығуда. Пакистан халқы бұл «көмек» Пакистанның ұлттық мүдделеріне елеулі зыян келтіреді және Азиядағы халықаралық қатынастарда болып отырған шиеленісті ұшықтыра түседі деп әділ санауда.

Шығыс Пакистанның заң шығару жыйналысының осы жылғы мартта болған сайлауында Пакистанның билеуші партиясы — мұсылмандар лигасы жеңіске ұшырады. Сайлаушылар өздерінің барлық дерлік дауысын демократиялық программа ұсынған біріккен майданның кандидаттарына берді. Сайлаудың нәтижесінде Шығыс Пакистанда біріккен майдан басшыларының бірі Фазлуд Хак бас таған үкмет өкмет басына келді.

Орталық үкметті өз қолында ұстап отырған Пакистан реакциясы сайлаудың нәтижесінен қана састы. Ол елдегі демократиялық қозғалысты жою үшін титтей де болса сылтау іздестірумен болды. Орталық өкмет орындары Шығыс Пакистанның жұрт кәсіпорындарында реакция арандатқан және бірнеше жүз адамдық құрбандыққа ұшыратқан қантөгіс

Азиядағы АҚШ саясатының сыбатын жуырда өзінің оқушыларына түсіндіріп берді, бның айтуынша, Индо-Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалысының жеңісі «бұрынғыдан да зор апатқа — өзіңде шиеленістің мол байлығы және стратегиялық жағынан үстем жағдайы бар Оңтүстік-Шығыс Азияны империалистердің үстемдігінен азат етуге» әкеліп соқтырады. Американо монополиялары аранын ашып отырған жер шарындағы бұл ауданның шикізат байлықтары туралы журнал мынадай мәліметтер келтірген: дүние жүзінде өндірілетін каучуктың 85 проценті, хининнің 67 проценті, қалайының 62 проценті, күрштің 26 проценті, копранның 38 проценті және басқалары жер шарының осы ауданында өндіріледі.

Бірақ өмір шындығы американ отаршыларының үміттерін ақтамай отыр. Ұлт-азаттық қозғалысы Азияның барлық халықтарын қамтыды, сондықтан АҚШ-тың басқыншылық соғыстар жүргізу үшін зеңбірек жемтігін табуы барған сайын қиындай түсуде. Тіпті реакцияшыл шолушы Линнманның американ билеуші топтарының «Азиядағы революцияның қатал фактілерін түсінуіне» кеңес беріп отырғандығы тегін емес. Отарлық құлдық дәуірі әлде қашан өтті.

А. АЛЕКСАНДРОВ.

сессиясының қарарлары мақұлданды және бұл қарарлар таюу уақыттағы жұмыстың директивалары ретінде қабылданды. Мәжіліске қатысушылар Данияның ұлау жазушысы Мартин Андерсен Нексені еске түсірді.

КХДР-дің ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ИНЖЕНЕР-ТЕХНИК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ОРДЕНДЕРМЕН ЖӘНЕ МЕДАЛЬДАРМЕН НАГРАДТАУ

ПХЕНЬЯН, 8 июнь. (СОТА). Кореяның орталық телеграф агенттігі бүгін бірінші мартпен пәшін қалпына келтірген Хванхэ металлургия зауытының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерін ордендермен және медальдармен награптау туралы КХДР Жоғарғы халық жыйналысы президиумының Указын жариялады.

Еңбек орденімен және екінші, үшінші дәрежелі Мемлекеттік ту орденімен 7 адам, «Еңбек сіңіргені үшін» медалімен 12 адам награпталды.

ШЫҒЫС ПАКИСТАНДАҒЫ ТҮТҚЫНДАУШЫЛЫҚ

Ресми хабарларға қарағанда 6 июньде Шығыс Пакистанда 621 адам тұтқындалған. 6 июнь күні ашылуға белгіленген Біріккен майданның парламенттік тобының мәжілісінің ашылуына бірнеше сағат қалғанда Дакка қаласының магистратурасы тыйым салған. Мұнымен бірге полицейліктер Біріккен майданның штаб-пәтерін печаттап бекіткен. Куана қаласында барлық митингілерге, демонстрацияларға және 5 кісіден артық топ болып жыйналуға тыйым салатын Пакистан қылмыс кодексінің 114-статьясы күшіне енген.

(СОТА).

ЖАПОНИЯДА СОВЕТ ОДАҒЫМЕН САУДА ҚАТЫНАСТАРЫН ЖАСАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

НЕКИН. (СОТА). Сяньхуа агенттігі мұнына хабарлады:

Токиодан алынған хабарда жапон парламентінің бір топ депутаттары май айында жапон совет саудасына көмектесетін қоғам құрғаны айтылған. Мұның өзі парламенттің бейбітшілік және демократия

лагері елдерімен сауда жасауды жақтай отырған депутаттары құрған екінші ұйым. Бұл қадам жапон экономикасының өркендеуіне бөгет болып отырған «Эбмарго» саясатына қарсыласудың күшейіп отырғанын көрсетеді.

АҚШ-тың Таяу және Орта Шығыстағы тіміскіленуі

БЕЙРУТ, 7 июнь. (СОТА). Ливанның «Рэкиб аль-ахваль» газеті Стамбулда алынған телеграмманы жариялады, телеграммада Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі американ дипломаттарының жуырда Стамбулда болып өткен кеңесінде қабылданған қаулылар мен ұсыныстар айтылған.

Газет былай деп жазады: «Анкарадағы бір американ сөзінен алынған хабарға қарағанда, Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі американ дипломатиялық өкілдерінің жуырда Стамбулда болып өткен кеңесінде арап елдерін, Иран мен Афғанистанды түрік-пакистан одағына тарту әдістері жөнінде мәселе талқыланды. Бұл мәселе жөнінде алда да Түркия мен Пакистанға негізгі үміт арту туралы ұсыныстар айтылған.

Кеңеске қатысушылар мынадай қоры-

ХРОНИКА

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы А. Д. Гараган жолдасты, оның басқа жұмысқа ауысуымен байланысты,

Редактордың орынбасары Г. НҰРМОЛДИН.

Чехословакияның Горжовиц ауданында Суворовты еске түсіру

ПРАГА, 8 июнь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігі мынаны хабарлады: Чехословак-Совет достығының одағы жуырда Горжовиц ауданында Суворовты еске түсіруді ұйымдастырды. Ол А. В. Суворовтың қолбасшылығындағы орыс әскерлерінің Италия майданынан қайтып келе жатып 1799—1800 жылдардың тұсында осы ауданда болуына байланысты ұйымдастырылды.

Горжовиц ауданының көптеген селаларында орыстың даңқты қолбасшысы А. В. Суворов туралы әңгімелер ұйымдастырылды, совет фильмдері көрсетілді.

Черховица қаласындағы № 81 үйде меймориалдық тақта орнатылды. А. В. Суворов 1799 жылғы 18 декабрьде осы үйге келіп түскен болатын.

Мемоариалдық тақта салтанатпен ашылғанда ұлттық қорғаныс министрінің орынбасары Ч. Грушка сөз сөйледі.

СИРИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 8 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Дамаскіден берген хабарына қарағанда, Сирияның министрлер Советінің председатели Сабри Асали баспасөзде жариялау үшін мәлімдеме талсырған, онда премьер-министр Сирия және шетел газеттерінде жарияланған: Сирия американ соғыс «көмегі» алу туралы ұсынысты қабылдады-мы деген хабардың жалған екені айтылған.

Совет эстрада артистерінің Швециядағы табысы

СТОКГОЛЬМ, 8 июнь. (СОТА). Совет эстрада артистерінің үлкен бір тобының алғашқы үш концерті болды. Нюченинг, Фагерста және Евле қалаларының партерінде өткен бұл концерттер Швед жұртшылығының зор назарын аударды. Нюченингте болған концертке мынанан ға көрушілер келді. Программаның әрбір номері орындалған сайын көрушілер ду-кәлиналәктаумен болды.

Швед газеттерінің бағалауынша, совет артистерінің алғашқы концерттерінің өзі оларды орынды табысқа жеткізді. Нюченингте болған концертте жыйналған халық, деп жазды «Афтонбладет» совет артистерінің өнер көрсетуін ду-оация жасап және «тамаша» деген дауыстармен қарсы алды.

Совет артистері Швецияның 21 қаласында концерт береді.

АҚШ Таиландты қаруландыруда

ВАШИНГТОН, 8 июнь. (СОТА). Юнайтед пресс агенттігі дипломатиялық топтардан алынған хабарларға сүйене отырып, 5 июньде мемлекеттік секретарь Даллес пен Таиландтың елшісі Сарасиннің арасында болған келіссөздер кезінде Таиландқа АҚШ-тың соғыс «көмектерін» ұлғайту туралы мәселе талқыланды деп хабарлайды. Агенттіктің хабарына қара-

ғанда, келіссөздердің нәтижесінде АҚШ-қа Таиландтың әскери миссиясын жіберуге келісілген, бұл миссия АҚШ-тың қорғаныс министрімен бірлесіп, Таиландқа Американың соғыс «көмектерін» ұлғайту туралы және Таиландтың қарулы күштерінің дайындығы туралы мәселелерді талқылайды.

ФРАНЦУЗ ЖАҢА БАС КОМАНДАШЫСЫНЫҢ САЙГОНҒА КЕЛУІ

ЛОНДОН, 8 июнь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Сайгоннан берген хабарына қарағанда, бүгін мұнда Индо-Қытайдағы француз қарулы күштерінің

жаңа бас командашысы және Францияның Индо-Қытайдағы бас комиссары генерал Эли келген, оның қасында өзінің көмекшісі генерал Салан бар.

КЕНИЯДАҒЫ НЕГРЛЕРДІ ЖАЗАЛАУ

ЛОНДОН, (СОТА). Лондон радиосының хабарынан мәлім болып отырғанындай, Кениядағы ағылшын әскерлері

соңғы тәуліктердің ішінде «Мау-Мау» ұйымының 32 мүшесін өлтірген.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА
«БАЙ МЕН БАТЫРАҚ»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА
«ПАРТИЗАННЫҢ БАЛАЛАРЫ»
Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Петропавл қаласы, Буденный көшесі, 16-үйде тұрушы Варвара Игнатевна Евдокимова Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданындағы Образцовый МТС-де тұрушы Александр Иванович Евдокимовтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.